Сыр бойы

№124-125
(20598-20599)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

19 тамыз, сенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

«ТҮЙТКІЛДЕРДІ УАҚЫТЫЛЫ АНЫҚТАП, ДЕР КЕЗІНДЕ ШЕШУ КЕРЕК»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Жиынды ашқан Мемлекет басшысы былтыр күзде Алматы жұртшылығымен кездесу барысында қаланы дамытудың басты бағыттары айқындалғанын атап өтіп, нәтижесінде Алматыны дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасы қабылданып, шаһардың 2040 жылға дейінгі Бас жоспары бекітілгенін айтты.

– Алдағы 20 жылда Алматы халқының саны 3 миллионға жуықтайды деген болжам бар. Болашақта қала ішіндегі бес аумақ орталық ретінде дамиды. Сонда орталықтағы қазіргі ахуал біршама жеңілдеп, барлық ауданға бірдей салмақ түседі. Соңғы 10 жылда қала өте жылдам әрі ретсіз өсті. Алматының аумағы екі еседен астам кеңейді. Бірақ инфрақұрылымның дамуы әр жерде әртүрлі болып отыр. Қалада тұрғындар саны орташа алғанда жыл сайын 70 мың адамға көбейіп келеді. Жұмысқа, сабаққа бару үшін іргелес елді мекендерден күн сайын 500 мың адам Алматыға келіп кетеді. Мұндай түйткілдерді уақытылы анықтап, дер кезінде шешіп отыру қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Кеңес барысында қаланың коммуналдық, жол және әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ білім, экология және медицина салаларында қордаланып қалған проблемаларды шешу жолдары талқыланды.

Президент Алматы қаласын дамытуға қатысты негізгі проблемаларды шешу үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет екенін айтты. Таяуда «Аққент» ықшам ауданындағы көпқабатты тұрғын үйде болған өртті мысалға келтіріп, өрт қауіпсіздігі саласындағы ахуалды сынға алды. Алматының экологиялық ахуалын жақсарту үшін қаладағы көлік қозғалысын реттеп, электромобильдерге арналған инфрақұрылымды дамыту қажет.

Қала әкімі Ерболат Досаев 2025 жылдың соңына дейін қаладағы қоғамдық көлік саласы толықтай экологиялық стандартқа көшірілетінін баяндады. Алматы қаласындағы инженерлік инфрақұрылымның жай-күйі де Президент назарынан тыс қалмады.

Сонымен қатар Президент тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға қатысты бірқатар проблемаға тоқталды. Бұдан бөлек, кеңес барысында Алматы экономикасын әртараптандыру мәселелері талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев шағын және орта кәсіпкерліктің даму әлеуетіне оң баға берді. Келтірілген мәліметтерге сәйкес 2022 жылдың өзінде Алматы мемлекеттік бюджетке төрт триллион теңгеден астам қаржы құйды. Қаладағы салық түсімдерінің басым бөлігі шағын және орта бизнестің төлемдеріне тиесілі.

Президент мегаполистегі бизнес-ахуалды жақсарту үшін жүйелі шаралар қабылдау жөнінде міндет жүктеді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, жеке капиталды тарту, кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын күшейту, жаңа көлік-логистикалық орталықтарына қолдау көрсетудің тың шараларын қарастыру, креативті индустрия, туризм салаларын дамыту Алматы экономикасына тың серпін беруге тиіс.

***

Мемлекет басшысы сел тасқынынан қорғайтын «Аюсай» бөгетіне барды.

«Аюсай» бөгеті Үлкен Алматы өзенінің бассейнінде орналасқан. Оның жоғары жағында сел қаупі бар 98 учаске, 89 мұздық, 20 мореналық және мұзды көл бар. Бөгет сел жүру қаупін барынша азайтып, 500 мыңнан астам халық пен 2 мыңға жуық нысанның табиғат апатынан қорғалуын қамтамасыз етеді.

Еліміздің биік таулы аймақтарында 970 мореналық көл бар. Оның ішінде 156 көлде сел жүру қаупі жоғары. Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов биыл сел жүруі ықтимал 13 көлде апаттың алдын алу жұмыстары жүргізілгенін баяндады.

***

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласына жасаған жұмыс сапары аясында Prometheus school білім беру ұйымын аралап көрді.

Президентке білім ордасының оқу кабинеттері, жаратылыстану зертханалары, мектепте сабақ оқытудың Daryn Go, Booky-Wooky авторлық әдістемелері, сондай-ақ оқу орнының жалпы инфрақұрылымы таныстырылды.

ДЕНСАУЛЫҚ

Облыста 25 фельдшерлік-акушерлік бекет бар. Оларда қандай медициналық көмек көрсетіледі, ауыл тұрғындары ауруды анықтау, дәрігердің кеңесін алу немесе қымбат ота жасау қажет болса, қайда барады? Аудандық аурухананың науқастарға сапалы көмек көрсетуге шамасы жете ме? Жалпы ауыл медицинасының әлеуеті қандай? Осы сұрақтар бойынша Шиелі ауданына арнайы барған едік.

АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ АХУАЛЫ

Sb Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Мәселен, «Жиделіарық» ауылында мыңға жуық халық тұрады. Мұнда тұрғындарға медициналық көмек фельдшерлік-акушерлік бекетте көрсетіледі.

– ФАБ дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетеді. Қажет болған жағдайда «Еңбекші» ауылының дәрігерлік амбулаториясына жіберіледі. Жергілікті дәрігер тұрғындарды консультациялық-диагностикалық қызмет алуға, күндізгі және тәулік бойы стационарларда емделуге және т.б. медициналық қызметтерге жібереді. Ауылдың 118 тұрғыны диспансерлік есепте тұрады. Көбінесе жүрек-қан тамырлары ауруларымен, қант диабеті, бронхитпен ауырады, – дейді Жиделіарық ауылының фельдшері Дархан Сәрсенбаев.

Науқастың жағдайын бағалағаннан кейін, жергілікті дәрігер ем тағайындайды немесе аудандық аурухана жібереді. Шұғыл жағдайда науқас аурухана жеткізіледі. Мәселен, бас миы шайқалған «Жиделіарық» ауылының тұрғыны Анар аудандық аурухана түсті. 53 жастағы әйелге компьютерлік томография тағайындалды.

– Басым айналып, есімнен танып қалдым. Содан сон құсу басталды. Қазір денсаулығым жақсы, ем қабылдап жатырмын. Менде анемия бар, бірақ диспансерлік есепте тұрмаймын. Жұмыс істеймін. Енді медициналық тексеруден өтіп, әрі қарай емделемін, – дейді ол.

Айта кетейік, қазір ауыл тұрғындары КТ-ға түсу үшін бұрынғыдай облыс орталығына сабылмайды. Өйткені құрылғы аудандық аурухана бар әрі қолжетімді.

2-бет

НАРЫҚ

ТӘТТІ ӨНІМНІҢ АЩЫ ШЫНДЫҒЫ

Қант тапшылығы қайталануы мүмкін бе?

Былтыр «қанты бар үй – қазына» деген сөз хит болды. Себебі белгілі. Қант қат болған шақта құйма алтындай қымбаттап кеткен құмшекерге бәрі таласа бастады. Балға үймелеген арадай шекерге таласқандардың бейнежазбасы да «желіні жарды». Еліміз 30 жылдан астам уақыт бойы қант жөнінен импортқа тәуелділікті еңсере алмағаны рас. Салдарынан бұл ішкі нарықта үнемі тұрақсыздық тудыратын факторға айналды. Республика Ресейге әлі тәуелді. Биылғы бағам қалай құбылады? Қант нарығында нендей өзгеріс бар? Қант тапшылығы қайталана ма? Соны бір сараптап көрдік.

Sb Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

Өткен жазда бүкіл елді дүрліктірген қант мәселесінен кейін еліміздегі қызылша алқабының көлемі екі есеге – 10,2 мыңнан 19 мың гектарға дейін өскен екен. Қант саласын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған кешенді жоспарында отандық өніммен қамту көлемі небәрі 7 пайыз екені жазылған. Қалғаны – қайта өңдеуге арналған импорт шикізат пен дайын құмшекер.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің жоспары бойынша жыл сайын алқапты кем дегенде 6,5 мың гектарға ұлғайту арқылы қант тапшылығынан біртіндеп құтылуға болады. Жылына осынша гектар қосқанда 2026 жылы қызылша тұқымы егілетін аумақ 38 мың гектарға ұлғаяды. Бірақ бұл ретте көлденеңдеп тағы бір түйткіл шыға береді, ол – қант қызылшасын суармалы егістікте өсіру қажеттілігі. Құрғақ климатты Қазақстанда бұл едәуір қиындық тудырады. Алқаптың кеңеюіне су тапшылығы, суару желілерінің тозып кеткендігі және күрделі инфрақұрылымдық түйткілдер кедергі келтіріп тұр.

Жоспарда алдағы үш жылда елімізде ылғал үнемдейтін технологияларға арналған алаңдар кеңейтілетіні көрсетілген. Фермерлерді суармалы сумен қамтамасыз ету үшін билік жерасты суларының кен орындарын алдын ала барлау және суару желілерін қайта құру арқылы шығындармен жұмыс істемек.

Фермерлердің айтуынша, алқапты 38 мың гектарға жеткізіп, Қазақстанды қантпен қамтимыз деуге келмейді. Ол үшін алқап кемі 120-150 мың гектарға жетіп жығылуы керек екен. Қазақстан іскерлік кеңесінің басқарма төрағасы Қанат Әбілмағжановтың сөзінше, оңтүстікте ондай ауқымды аумаққа тек қызылша егіп тастау мүмкін емес. Өйткені онда өтімділігі жоғары жеміс-жидек және бақша дақылдары көбірек егіледі.

2-бет



СӨЗ БЕН ІС

ОБЛЫС ӘКІМІНЕ АЛҒЫС АЙТТЫ

Бұған дейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қабылдауына келген қала тұрғыны көтерген мәселесінің тез арада шешім тапқанын айтып, ризашылығын білдірді. Еске салсақ, Хангельдин көшесінің тұрғыны Сұлу Ділмағамбетова 29 маусым күні қабылдауда болған еді.

– Біз тұйық көшеде 4-5 үй тұрамыз. Біршама уақыт бұрын Нұрлыбек Машбекұлының қабылдауына келіп, көше тұрғындарының атынан өтініш айттым. Көшемізге асфальт төсеп беруді сұрадым. Аймақ басшысы сол жерде менің мәселемді қарастыруды қала әкіміне тапсырды. Қала әкімі шілде айында жөндеуге уәде берді. Сол уәде бойынша көшемізге асфальт төселді. Бәрінен бұрын балаларымыз мәз! Бұрын, әсіресе, қарлы-жаңбырлы күндері көшеден өту мүмкін емес еді. Басшыларымызға ризамыз. «Әкім бол, халқыңа жақын бол» деген осы, – дейді Сұлу Ибрашқызы.

ЕРТЕҢ – СПОРТ КҮНІ

ЖЕҢІСТІ ЖОЛДАҒЫ ЖЕРЛЕСТЕР

Кеше, Спорт күні мерекесі Сыр елінде ерекше тойланды. Ең әуелі мереке аясында велошеру өтті. Велошеруге кез келген қала тұрғынына қатысуға мүмкіндік берілді. Тұрғындар велосипедпен сағат 16:30-да сол жағалаудағы «Болашақ» университеті ғимаратының алдына келіп, шеруге тіркелді. Мәреге жеткен барша қатысушылар арасында лотерея ойнатылып, сыйлықтар табысталды.

Sb Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

2-бет

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалына барып, ондағы қайта жаңғырту жұмыстарын көрді.

Вокзал ғимараттары мен аумағын күрделі жөндеу үшін «Қазақ Жоба Құрылыс» ЖШС-ның демеушілігі есебінен жоба-сметалық құжаттама әзірленді.

Сәуір айында облыс әкімдігі мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ бірлесіп, Қызылорда теміржол вокзалы ғимаратын коммуналдық меншікке беру бойынша жол картасы бекітілді. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы ұлттық компанияға вокзал ғимаратын күрделі жөндеудің жоба-сметалық құжаттарын табыстады.

Қазір «Интегрострой» ЖШС 1905 жылы салынған бір қабатты ескі ғимараттың сыртын қайта жаңғыртуда. «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ күрделі жөндеу жұмыстарына шілде айында конкурс жариялады.

Мердігер «Берсугир» ЖШС вокзалдың әкімшілік ғимаратына жөндеу жұмыстарын бастады. Қызылорда қаласының әкімдігі екінші перронға және автотұраққа жалпы көлемі 3700 шаршы метр асфальт төседі. Сонымен қатар, 1500 шаршы метр аумаққа құм аралас тас төсеп, асфальттауға дайындық жұмыстары жүргізілді.

Аймақ басшысы жөндеу жұмыстарының сапалы жүргізілуін қатаң ескертті.

Айта кетейік, Қызылорда облысынан өтетін магистральді теміржол желісінің жалпы ұзындығы 1051,7 шақырым. Аймақта 8 теміржол вокзалы жолаушыларға қызмет көрсетеді. Облыс аумағынан барлығы 16 жүп жолаушы пойызы өтеді. Оның ішінде Петропавловск, Павлодар, Көкшетау, Семей және Түркістан қалаларына 5 жүп жолаушы пойызы ұйымдастырылған. «Қызылорда-Бесарық-Түркістан» жолаушылар пойызының қызметі облыстың оңтүстік бағытындағы 26 елді мекенді қамтиды.

АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ АХУАЛЫ

– Компьютерлік томография бойынша зерттеу осы жылдың наурыз айынан жүргізілуде, қазірдің өзінде 500-ге жуық науқас тексеруден өтті. КТ тәулік бойы жұмыс істейді. КТ нәтижелерін аудандық аурухананың рентгенологі жүргізеді және КМАЖ-ге (кешенді медициналық ақпараттық жүйе) жібереді. Содан кейін Қызылорда қалалық ауруханасының маманы қорытынды береді, – деп түсіндірді Шиелі аудандық ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Гүлмира Құрбанғалиева.

Биыл Шиелі ауданының тұрғындарына медициналық көмек көрсету үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 6,7 млрд теңге бөлінген.

Ауданда медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру, қызмет сапасын жақсарту бағытында жүйелі жұмыстар бар. Одан бөлек, «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы аясында да ауқымды істер жоспарланған.

Аудан халқына аудандық аурухана, «Бәйгеқұм» ауылдық ауруханасы, «Сұлутөбе» ауылдық ауруханасы, аудандық емхана, жалпы тәжірибелік бөлім, 19 дәрігерлік амбулатория, 13 медициналық бекет, 3 фельдшерлік-акушерлік бекет қызмет көрсетеді. Амбулаториялық-емханалық мекемелер бойынша барлығы 196 дәрігер, 885 орта буынды медицина қызметкері жұмыс жасайды және олар медициналық қызметтің 27 түрі бойынша мамандандырылған көмек көрсетеді. 10000 адамға шаққанда дәрігермен қамтылу – 25,1.

ҚР Үкіметінің «Ауылдық денсаулық сақтау саласын модернизациялау» қаулысына сәйкес биылғы III тоқсанда аурухана статусын көпбейінді ауданаралық орталық ауруханаға ауыстыру жоспарлануда. Көпбейінді ауданаралық ауруханада халыққа көмек көрсететін кардиологиялық және инсульттік орталықтар ашу көзделген.

– «Дені сау ұлт: әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы аясында ауданаралық аурухана заманға сай жаңаратын болады. Президенттің былтырғы Жолдауында Қазақстан халқының денсаулығын сақтау, нығайту мақсатында ауыл медицинасын модернизациялау мәселесі арнайы тапсырылған болатын. Осы уақытқа дейін жедел миокард инфарктісі анықталған кезде коронарография негізінде жүрек-қан тамырларының бітелуін анықтау және коронарлық тамырлардың стентпен қалыптастыруы, жедел ми қан айналымының бұзылуы кезінде миға компьютерлік диагностика жасау, анықталған миішілік гематоманы отамен алу қызметтері тек облыс орталығында жасалатын. Ауданаралық ауруханамыздың көпбейінді болуына сәйкес, осы қызметтерді аудан халқы өзімізде алады. Былтыр жыл аяғында 181 млн 796 мың теңге тұратын КТ аппараты сатып алынып орналастырылды. Қазіргі кезде толыққанды жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ, биылға ангиограф, эксперт класты ультрадыбыстық зерттеу, магнитті-резонансты томограф аппараттары алынады. Бұл жұмыс кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Атап айтқанда, көпбейінді аурухана статусына сәйкес құрал-жабдықтар алу, коронарография жасайтын, тамырішілік стент салатын, миішілік ота жасайтын арнайы мамандарды дайындау, қабылдау бөлімшесіндегі триаж жүйесінің жұмысын одан әрі дамыту, ребилитациялық көмекті жетілдіру, мультидисциплинарлық команда құрамын толықтыру, тағы басқа жұмыстар бар. Көпбейінді ауруханаға айналу жоспарына сәйкес 6 төсектік инсульттен емдеу орталығы нейрохирургия қызметімен, инфарктпен ауырған науқастарға арналып 6 төсектік шектеулі инвазивті кардиологиялық орталық (малоинвазивный кардиологический ЧКВ центр) ашылады. Аппараттармен жұмыс жасайтын нейрохирург, интервенциялық кардиолог, сурдолог, МРТ, КТ жазбаларын оқитын рентгенолог мамандарын оқытып алу жоспарда. Мұның барлығы Шиелі ауданы тұрғындарына жоғары стандартты, заманауи, сапалы медициналық ем қабылдауына мүмкіндік береді, – деп атап өтті аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары.

1-бет

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ҚЫСТАН ҚЫСЫЛМАЙ ШЫҒАМЫЗ БА?

Әне-міне дегенше күз де жақындады. Шаһар тұрғындарының басым бөлігі күн суыса жылуға алаңдап отыратыны жасырын емес. Сол себепті биылғы жылу маусымына дайындық жайлы аз-кем айта кетейік. Апта басында аталған саладағы соңғы жаңалықты бағамдауға арналған баспасөз туры ұйымдастырылып, жағдайдың жай-жапсарын көзбен көруге мүмкіндік туды. «Қызылорда жылу-электр орталығы» МКК-ның қайта жаңғыртылған және жаңартылған нысандарын аралап, жөндеу жұмысымен танысып қайттық. Кәсіпорын директоры Медет Усаин жол бастап, Ғ.Мұратбаев, Ш.Есенов, Бейбарыс сұлтан көшелері мен «Қызылорда жылу-электр орталығына» бардық.

Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Басшының айтуынша, «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы арқылы мекеме биыл жылу желілерінің тозу деңгейін 48 пайыздан 45,1 пайызға дейін төмендету үшін 8 нысан бойынша кварталаралық және магистральді жылу желілерін қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізуде.

– Жылу маусымына дайындықты жаз басталысымен қолға алдық. Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру шеңберінде биылдан бастап «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы қолданыста. Мұндағы мақсат – табиғи монополиялар нысандарына қосымша инвестициялар тартып, жөндеу жұмыстарының көлемін ұлғайту есебінен электр, жылу және сумен жабдықтау саласындағы желілердің тозуын кемінде 15-20 пайызға төмендету. Осы орайда, бізге биылға арналған инвестициялық бағдарламаны іске асыруға 8 млрд теңгеден аса қаржы қаралған. Оған қазір негізгі және қосалқы жабдықтарды, ұзындығы 4,3 шақырым кварталаралық жылу желілерін жөндеу жұмыстары, кварталаралық жылу желілері мен магистральді жылу желілерін қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде, – деді ол.

Қазіргі уақытта негізгі және қосалқы қондырғылар мен кварталаралық жылу желілерін жөндеу жұмыстары 76 пайызға, кварталаралық және магистральді жылу желілерін қайта жаңғырту жұмыстары 47 пайызға бітіп тұр. Бұл жұмыстар алдағы қыркүйек және қазан айларына дейін аяқталады.

– Қазір жылу жүйесіне қосылған көпқабатты үйлердің саны 781 болса, жеке тұрғын үйлердің саны 275-ке жетті. Бұдан бөлек, әлеуметтік және шаруашылық нысандары бар. Осы жайтты ескеріп, халықтың биыл қыстан қысылмай шығуы үшін ел қазынасынан қомақты қаржы қаралды. Оның үстіне жауапты мекеме де өз қаражаты есебінен жөндеу жұмыстарына 114 млн теңге бөлді. Оның 31 млн теңгесі электр желілеріне, 83 млн теңгесі жылу өндіру саласына жұмсалуда. Осының нәтижесінде біз жыл соңына дейін жылу желілерінің тозу деңгейін 46,1 пайызға төмендетеміз. Өз кезегінде бұл іс-шаралар көрсетілетін қызметтердің сапасы мен тиімділігін арттыруға, жылу және электр қуатының тапшылығын жабуға, отын мен жылу шығындарын азайтуға, жалпы алғанда, тұтынушыларды жылумен жабдықтау сапасын жақсартуға мүмкіндік береді, – деді ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің облыс бойынша департамент басшысы Айбек Егембергенов.

Еске салайық, бүгінде кәсіпорынның балансында 23 энергия көзі бар. Ал жылу желілерінің жалпы ұзындығы 190 шақырымды құрайды. Оның ішінде магистральді жылу желілері 35 шақырым болса, кварталаралық жылу желілері 156 шақырым.

ТӘТТІ ӨНІМНІҢ АЩЫ ШЫНДЫҒЫ

Қант тапшылығы қайталануы мүмкін бе?

– Алайда қызылшаны орталық, шығыс және солтүстік өңірлерде де өсіруге болады. Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында тіпті тәжірибелі егістер де жүргізілді. Алайда қант қызылшасын солтүстікте егудің де әлегі аз емес. Егер егетін болса, онда дереу қант кластерін құрып, егіншілік пен өңдеуді біріктіру керек дейді мамандар. Өйткені қызылшаны тиеу және түсіру кезінде ысырапқа көп жол беріледі екен. Ал ондай жағдайда тасымалдау қажет емес. Тасымалдың өзі – қып-қызыл шығын.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мамандары қант қызылшасын «Ертіс-Қарағанды» каналына таяу аумақта өсіруге болатынын айтады. Қысқасы, қант өсіруге су көбірек керек екені түсінікті. Жамбыл облысы қант қызылшасын өсірушілер бірлестігінің төрағасы Саха Манатов 2021 жылы су тапшылығы салдарынан 220 гектар өнім жоғалтқанын мәлімдеді. Сөйтіп, егіс алқабы екі есеге бір-ақ қысқарған.

Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеевтің айтуынша, отандық шикізаттан қант өндіру 200 мың тоннаға дейін ұлғайтылады. Сондай-ақ импорт үлесі 58 пайыздан 17 пайызға төмендейді.

«Оның бәрі жол картамызда көрсетілген. Фермерлерді қолдау бойынша субсидия мөлшері ұлғайтылды. Зауыттар 15 мың теңге, мемлекет 25 мың теңге субсидия төлейді» дейді ведомство басшысы.

Жалпы, 90-жылдардан бері қант қызылшасы алқабы 85 мың гектардан 11,6 мың гектарға дейін азайып кеткен. Тізбелей берсек, оған себеп болған фактор көп – ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің шағын болуы, импорттық тұқым құнының жоғарылығы, фермерлердің техникалық жарақтандырылуының төмен деңгейі және сумен қамтамасыз ету жөніндегі проблемалар.

Үкілі үмітіміз – 2026 жылға дейін іске асуы тиіс кешенді жоспарда. Жоспар 4 негізгі бөлімнен және 33 іс-шарадан тұрады. Онда қант қызылшасының егіс алқабын кеңейту арқылы шикізат базасын ұлғайту, жаңа суармалы жерлерді іске қосу, суарудың сүнемдеу технологияларын енгізу, тұқым шаруашылығын дамыту, қант қызылшасын қайта өңдеу бойынша зауыттардың қуаттылығын техникалық және технологиялық қайта жарақтандыру, сондай-ақ жаңа инновациялық зауыт салу қарастырылған.

«Ауыл шаруашылығы министрлігінің көздегені – кластерлік тәсіл. Қант қызылшасын өсіретін фермерлер зауыт төңірегіне топтасады. Зауыт оларға ауыл шаруашылығы техникалары, тұқымдар бойынша көмектеседі. Кешенді жоспарда суару мәселесі шешімін табады деп көрсетілген. Өйткені бізде тек жер жетіспеушілігі емес, суарылған жер жағдайы да – үлкен проблема. Ал қызылша бір маусымда бес мәрте суаруды қажет етеді» дейді Қант, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қауымдастығының президенті Айжан Наурызғалиева.

Премьер-министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғариннің айтуынша, елде қант тапшылығы бойынша қауіп жоқ, бірақ баға қымбаттауына қатысты тәуекел бар.

«Біз қанттың көтерме бағасына минималды деңгей енгізгіміз келген. Бірақ қымбаттап жатқандықтан тоқтаттық. Біздің өндіріс Ресейдікінен қымбат, өйткені ол қамыстан жасалған. Қалай болғанда да отандық зауыттарды қолдау шаралары, субсидиялау нұсқасы қарастырылып жатыр», деді министр.

Қазір елімізде төрт қант зауыты жұмыс істейді, олар – Меркі, Тараз, Ақсу, Көксу зауыттары. Солардың ішінде ең шағыны – Көксу қант зауыты. Олар тәулігіне 2000 тонна қызылша, 300 тонна шикізатты өңдей алады. Өзге зауыттардың қуаттылығы бұл көлемнен екі есе жоғары.

Осы тұста айта кетейік, Сыр еліне де қант сырттан келеді.

– Облыста бағаны тұрақтандыру үшін «Меркі қант зауытына» 2354,3 тонна өніммен қамтамасыз ету мақсатында айналым схемасы шеңберінде 1083,0 млн теңге қарыз берілген болатын. Бүгінгі күні 204 тоннасы жеткізілді. Ал «Алтын қамба» қоймасында 193,5 тонна қор бар, – деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының баспасөз хатшысы Нарқыз Орданбай.

Ең қызығы, импорттық шикізаттың көмегімен де отандық өндіріс ішкі қажеттілікті тек 50 пайызға жабады. Тәтті өнімнің басты жеткізушісі – Ресей. Былтыр дәл осы Ресей билігінің қант экспортын уақытша шектеу туралы бұйрығы елімізде дүрбелең (қант тапшылығы, бағасының күрт өсуі) тудыруға жеткілікті болған еді.

Қалай болғанда да, сарапшылардың пікірінше, Қазақстан әзір РФ қантына тәуелділіктен құтыла алмайды. Ащы шындық осы. Ресей қызылша өсірушілерді мықты, жан-жақты қолдау тауып, алға қарай қуатты серпін жасады. Осының арқасында оның төл шикізаты өзінің 140 миллион халқын қамтуға да, сондай-ақ шетелге экспортқа шығаруға да толық жетеді. Мәскеудің Еуразиялық одақ арқылы өз мүддесін тықпалап, қомақты баж салығын енгізу арқылы шетелдік қант құрағының импортына тосқауыл қойғызуының мәнісі де сонда, яғни, осы одақтың нарығын басыбайлы астына басты.

Ресейлік қант өндірушілер өз мемлекетінің мол субсидиясы арқасында бұл өнімді арзанға сата алады. Мысалы, әр келісін 360-380 теңгеден ұсына алады. Сонымен бірге РФ қанты елімізге контрабандамен әкелінеді, Қазақстан қазынасына 12% қосылған құн салығын төлемейді.

Ал қазақстандық қанттың өзіндік құны өте жоғары: табыс табу үшін олар әр келісін 490 теңгеден сатуы керек екен. Бірақ бұл елде қымбатшылықтың өршуіне түрткі болады. Сондықтан, мәселен Тараз қант зауыты осы шілде айында әр келісін 390 теңгеден босатуға мәжбүр болыпты. Әңгіме тағы да отандық өндірушілерді мемлекеттік қолдауды арттыруға тіреледі.

Қаза берсек салада проблема көп. Демек, оны шешу үшін Үкіметтің түрлі құрылымы үйлесімді, бірлесе қимылдап, кешенді шаралар қабылдағаны жөн. Тіпті қант бойынша проблемалар толық шешілгенше жұмыс істейтін жеке ведомствоаралық комиссия құрса, оның құрамына барлық жауапты министрлік пен ведомство мамандарын, тәуелсіз сарапшылар мен кәсіпкерлерді шақырса, барлығы алқа құрып, ақыл қосса, артық болмас еді.

1-бет

ЖЕҢІСТІ ЖОЛДАҒЫ ЖЕРЛЕСТЕР

Сондай-ақ Президент саябағында кешкілік мерекелік шара өтіп, концерттік бағдарламаға ұласты. Салтанатты кеште облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов сөз сөйлеп, спортшыларды құттықтады.

– Ойы сергек, дені сау ұрпақ – қоғам байлығы. Халқымыз ежелден денсаулықтың қадірін жете түсініп, оны басты байлыққа балаған. Дені сау ұлт – бәсекеге қабілетті. Сондықтан Мемлекет басшысының бұқаралық спортты дамыту жөніндегі тапсырмасы өңірімізде нақты орындалуда. Бүгінде спортпен жүйелі түрде айналысушылар саны 38 пайызға көтеріліп, 316 100 адамға жетті.

Халықтың спорттық нысандарға қолжетімділігін арттыру мақсатында облыста спорт саласы бойынша 12 объектінің құрылысы жүргізілді, қазіргі таңда оның 5-уі қолданысқа берілді. 7 нысанның құрылыс жұмыстары жалғасып, биыл ел игілігіне табыстау жоспарлануда.

Үстіміздегі жылы сол жағалаудан заманауи талаптарға сай 7 мың орындық стадион бой көтерсе, Үкімет басшысының қолдауымен құны 7 млрд теңге құрайтын әмбебап спорт сарайын салу шешімін тапты. Сондай-ақ, өңірде қысқы спорт түрлерін қолдау мақсатында жергілікті бюджеттен 15 млн теңге қаржы бөлінді, – деді Нұрымбет Аманұлы.

Иә қашанда ел туын әлемдік аренада желбіретіп, абыройымызды асқақтатып, беделімізді биіктететін спорт саңлақтары екені баршаға мәлім. Жыл басынан бері облыс спортшылары ҚР чемпионаттарында 732 медаль жеңіп алса, Азия, Әлем чемпионаттарында 92 медальді қоржынға салды. Сонымен қатар жыл басынан бері 4 ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, 4 ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 48 ҚР спорт шебері, 598 ҚР спорт шеберлігіне кандидат спортшы дайындалған.

Көк туымызды биікке көтеріп, ел абыройын асқақтатқан чемпиондарын Сыр елі мақтан тұтып келеді. Осы тұста соңғы жетістіктерге тоқтала кетсек. Маусым айында Будапештте кикбоксингтен өткен Әлем кубогінде Нұрасыл Тілектесов чемпион атанса, Диас Қарман мен Әбдіхай Заманбек күміс және қола медальдарды иеленді.

Отырып ойнау волейболынан облыстың үш бірдей спортшысы ұлттық құрама команда сапында өнер көрсетіп, келер жылы болатын Паралимпиада ойындарына жолдама алды. Ал Астана қаласында пара дзюдодан өткен Азия чемпионатында Олжас Оразалыұлы қола жүлде иеленсе, Грузияда пара пауэрлифтингтен өткен Әлем кубогінен спортшылар 6 медаль еншілеп, ел намысын қорғады. Оған қоса, биыл Қытай мемлекетінің Ханджоу қаласында 40 спорт түрінен өтетін XIX Азия ойындарына да өңірімізден 6 спорт түрі бойынша 14 спортшы қатысады.

Алдағы уақытта да Сыр спортшыларының бойынан жігерлілік, асқақ рух, ұлтжандылық қасиетті, жеңіске ұмтылыс пен қажырлы қайратты көретінімізге сенеміз.

1-бет

Теңіз бен Сырдың сырбаз суреткері

Халықаралық «Алаш» әдеби және Қазақ ПЕН-клубы сыйлықтарының лауреаты Қуаныш Жиенбай – қазіргі қазақ прозасында өзіндік беталысы, жазу мәнері қалыптасқан әрі өнімді жазатын қаламгер. Заманның аумалы-төкпелі қиыншылығына қарамастан қаламын серік еткен оның «Даңқ түрмесінің тұтқыны», «Ән салуға әлі ерте», «Жер үстінде де жұмақ бар» романдары мен повестері, әңгімелері оқырманға жақсы таныс. Жазушының туындыларында қазіргі уақыт пен өткен кеңестік кезеңдегі адамның тыныс-тіршілігі, қоғам мен адам, адам мен табиғат арасындағы байланыс, одан туындайтын күрделі мәселелер кейіпкер болмысымен терең тамыр тартып, бұрқ-сарқ қайнауы мен толғанысы басым көркемдік әлемі оқырманға айқара есік ашады.

Бүгінгі мақаламызда оның бәрін жіліктеп, тарата айтуды міндетімізге алып отырған біз жоқ, ол – алдағы уақыттың еншісі. Дегенмен жазушының оқырманға ұялмай ұсынған әрбір шығармасы өз алдына тиянақталған көркем кеңістік, көркем дүние. Бұ жолы бір әңгімесі мен жұртшылық жылы қабылдаған соңғы романы төңірегіне тоқталайықшы. Осының өзінен-ақ шебер қаламгердің ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасы айқын аңғарылады.

Ана жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Ұста» атты әңгімесінің соңында өз ісінің хас шебері Тоғанас ауласындағы ұстаханасын өртейді. Автор «...Сенеріңді де, сенбесіңді де білмейсің. Бәлкім рас, бәлкім өтірік...» дегенмен, оқырман кейіпкердің шешімді іс-әрекетін іштей жақсылыққа жориды. Әңгімеде қазақ қоғамының шындығы суреттелген. Бәлкім, жетпісінші, мүмкін сексенінші жылдары Арал теңізі жағалауының халқы туған жерімен «қимай қоштасып», жан-жаққа үдере көше бастады ғой. Енді қайтсін. Табиғат-Ананың жауһар сыйына адам қолымен қиянат жасалып, шалқар теңіз сағасынан қиылып, тартыла бастады. Содан соң... Ауа райы өзгерді. Тұзды шаңдақ аспанға көтерілді. Адамдарды жалмаған небір сұмдық індеттер мен кесапатты кеселдер саны көбейді.

Сондай алмағайып кездің бірінде әңгіменің бас кейіпкері – теңіз жағасындағы Бөген балық зауытының қайықшы-ұстасы Тоғанас та көптің бірі болып, бар тапқанын жиып-теріп Алматыға, Кеңсайдың етегіне қоныс аударады. Кіші күйеу баласының араласуымен, әрине. Қайбір шекесі қызғаннан дейсіз. «Арқа жайлы болса, арқар ауып несі бар?..» Теңіз тартылып, зауыт тоқтаған. Балықшы ауылының тірлігі, суреткер Ә.Нұрпейісов жазғандай, ырың-жырың.

Тоғанас алғашқыда ағаш ұстасы да жерде жатқан жоқ, өз кәсібіммен нәпақамды табармын деп үміттенген-ді. Қателесіпті. Ақыры нәсіп содан бұйырып, қаладағы жерлеу бюросының табыт жасаушы шебері болып шыға келеді. Тағы да сол пысық күйеу баласының арқасында. Дүние асты-үстіне түскен ту-талақай замандағы бұл бұйрықты қойсаңшы. Қайық жасаушы шебер күндердің күнінде мұсылман ұғымына мүлде жат табыт жасаймын деп ойлап па? Кейіпкердің ішкі әлеміндегі жанын жеген күйзелістің сыр-құпиясы осында еді. Автор осы кереғарлықты әңгімесінде шым-шымдап шебер аша білген.

«...Тоғанастың кәсібі турасына көшкенде, көп пенденің көкейінен шыға бермейді. Тәтті дәмді ашқарақтана жұтып келе жатып, кенет бір тастүйін тамағыңнан не әрі, не бері өте алмай кептеліп қалғандай күй кешесің. Несін жасырады, теңіздің тартылуына байланысты Арал жағалауынан ана жылы Алматыға қоныс аударған Тоғанас Күнбергенов бүгінде осындағы жерлеу бюросының тапсырмасы бойынша табыт соғады. Кәдімгі тақтайдан соғатын табыт. Қай жағынан болсын: әдемілігі, ықшамдылығы, тақтайлардың сүрленіп, бір-бірімен жымдасуы жағынан дейсіз бе, қалай десең олай де, қабылдаушылардың сынағынан сүрінбей өтеді. Тендерден де Тоғанастың аты ылғи алдымен аталады. Себебі, әр табытқа мынадан үстемеақы төлейсіз деп, жерлеу бюросындағылардың мазасын алып жатқан Тоғанас жоқ. Бергендеріне риза, тіпті екі-үш ай айлық алмаса да үйреншікті шаруасын дөңгеленте береді. Өз есебі өзінде. Осы күнге дейін бірде-бір табыты кері қайтқан емес. Керісінше, әрбір мереке тұсында жерлеу бюросындағылар Тоғанастың ерен еңбегін елеп-ескеріп, бірнеше тұсына мөр басылған мақтау қағазын беріп жібереді. «Рақмет» дейді Тоғанас, одан әріге тереңдеп барғысы келмейді. Сол қатырма қағаздарды мақтанышпен біреуге көрсетсе не дейсіз, біртүрлі жүрегі қаламағандай үйге апаруды да артық санап, қамыс сарайдың бір бұрышына тыға салады».

Мәселе осында. Ұрлық жасаған жоқ, біреуге қиянат жасаған жоқ. Ақ тер-көк тер боп еңбек етіп, тапқан нәпақасы. Отбасын асырауға жетеді. Қолының ұсынықтылығымен үй-жайын да жөндеп алған. Жазушы оның жұмыс үстіндегі шабытты сәтін әдемі бейнелейді. Ағашты сүргілегенде қолы қолына жұқпайды. Самайынан жылтырап тер шыққан сайын дүниені ұмытып, рақат күй кешеді. Мүйізгектенген алақанымен жонылған тегіс тақтайдың бетін аса бір ұқыптылықпен әрі-бері сипайды. Одан соң бір көзін сығырайтып, оның түзу-қисықтығын тексереді.

Шебердің ісінен титімдей кемшілік байқалмауы тиіс. Бұл әдет Тоғанастың бойына сонау бала күнінен сіңіскен. Өйткені ол – шебер, өз ісінің нағыз шебері. Жұмыстың жақсы нәтижесі көңіліне шабыт береді. Десе де... ол бұл ісінің өзінен басқа тірі жанның білмегенін, естімегенін қалайды. Үйге бөгде адамның, қонақтың келгенін де жақтырмайды. «...Ой-хой, ой-хой-ау, өзім соққан қайықта шалқамнан жатып жан тапсырсам, сосын теңіз толқындары қайда айдап әкетсе де бәрібір. Бәлкім, теңіз түбіне шым батып, балдырлардың арасынан мәңгілік мекенімді тауып, балықтарға жем болармын» дейтіні барды бір кезде. Ол арман-мұрат әдірем қалған бүгінде.

Жазушы Қ.Жиенбай туындыларындағы тұрақты желінің бірі осы – теңіз тақырыбы десек, қателеспеспіз. Кейіпкерлері шөпкетышар дөкейлер емес, қарапайым адамдар. Солардың әр алуан реңктегі көңіл-күйлері, жан күйзелісі, тағдыр-талайы, туған жерге деген толассыз сағынышы туындыларының әлі күнге дейін негізгі арқауы болып келеді. «Ұста» әңгімесіндегі Тоғанастың жан күйзелісінің бір түйінін осыдан іздейміз. Ел қатарлы тірлігі бар, ешкімге алақан жаймайтын оның көңіл аңсары мүлде бөлек. Бала күнінен теңіз жағасында өсіп, теңіз мінезін бойына молырақ сіңірген оның алғаш күнкөріс қамымен қолға алған тірлікпен біте қайнасуы мүмкін еместей көрінетін. Тоғанастың жаратылысы мүлдем бөлек еді, амалы қанша... «...Сірә, теңіз жағалауында туғандардың ішкі әлемі ылғи асқаралы армандар мен тосын толғаныстардан тұрады. Соқпа толқынның әсері ересен, қызуқанды. Бір жерде бір сағат тыныш отыру дегенді атамаңыз. Тоғанастың көкірегіндегі үнемі қызқыз қайнап жататын тогы күшті аккумулятор – сол. Содан айырмасын деп Жаратқанға жалбарынады».

Жазушы Қ.Жиенбайдың қалам тербеу ерекшелігі – шығармада кейіпкерін бірінші орынға қояды: дүниеге, төңірекке кейіпкер көзімен қарайды, оның ішкі толғанысына, сезім-түйсігіне бірінші кезекте мән береді және ауызекі сөйлеу мәнерлерін де жоғалтпайды. Юмор да жетерлік. Мұны «Ұста» әңгімесінен де анық аңғарамыз. Шығарманың бүкіл тіні жаны таза Тоғанастың көңіл-күйіне, ішкі арпалысына құрылған. Автор кейіпкерінің таңғы шықтай жанының мөлдірлігін әсіресе, жұмыстан соң мұнтаздай жуынып-тазаланып, өзін іштей дайындап, Кеңсайдағы бейіттердің басына баруымен аңғартады. Қазақтың маңдайына біткен небір қасқалары мен жайсаңдары жерленген мұнда. Алдымен аруақтарға Құран бағыштайды. Әр бейіттің алдында біраз кідіріп, ойша тілдеседі. Содан соң... Жауын-шашыннан бір бүйіріне қарай қисайған құлпытастарды ерінбей-жалықпай қайта тіктейді. Темір шарбақтарының есігін бекітеді. Біреулерге түсініксіз көрінетін оның бұл қарекеті – кейіпкер жан дүниесінің тазалығын айқындайды. «Қайық соқтың не, табыт соқтың не, күнкөрісің болса жетпей ме?» деп әлдекімнің тіл безегеніне ол болмыс-бітімімен төзе алмас еді. Тоғанас қалай дегенде де көңіл түкпіріндегі аңсарын бәрібір жеңе алмайды. Теңізін сағынады. Атамекенін аңсайды. Теңіз бетінде өрлей жүзетін, өз қолымен жасаған мықты қайықтарын іздеп, түсінде көреді.

Әңгіме көркем қуатымен, шыншылдығымен біздің де көңілімізден шықты. Демалып қалдық кәдімгідей. Қаламгер шеберлігі дегеннің түп-тамыры осында ғой.

Жазушының соқталы дүниесінің бірі әрі мерзімді басылым беттерінде көбірек талқыланған «Жер үстінде де жұмақ бар» романы. Апыр-ай дейсің, анда шырылдап жатқан қазақ, мында еңсе көтере алмай, есесі кеткен қазақ, сонда қазақ үшін жер үстіндегі жұмақ қайда екен деп ойлайсың. Бәлкім, бұл жазушының оптимизмі болар ма?!

Бұған романды оқи отырып көзіңіз жетеді. Көркем шығарма күнделікті өмірдің күйтің тірлігін термелеу емес. Көркем туындының басты шарты – қоғамның психологиясын суреттеу, осы кезеңде өмір кешіп жатқан халықтың тыныс-тіршілігіне терең бойлау. Бұл өте күрделі және бір арнамен шешіле де салатын жеңіл жүк емес. Осы ретте төңірегін суландырып, тіршілік нәрін беріп, байсалды ағып жататын қасиетті Сырдария ойға оралады. Бұрындары жойқын су арнасын керіп, баяу, шымырлап өз бағытымен ағып жататын. Сырттай моп-момақан секілді көрінеді. Ал шындығында солай ма? Жиекте тұрып аяғың сәл тайса, адуын ағыс жұлқи тартып ала жөнеледі. Сырттай момақан болып көрінген судың жойқын күшін сонда барып бүкіл денеңмен сезінесің. Ал иіріміне кез келсең, шыр айналдырып тұңғиығына тарта жөнелгенде, иманыңды үйіресің. Ал оның көзге көрінбейтін тереңіндегі ағыстарының қуаты мен қарама-қайшылығы, тіршілік соқтығысы қаншама?!

Қасиетті Сырдарияның осы бейнесін көбірек жіпке тізуміздің себебі – жазушы Қ.Жиенбайдың «Жер үстінде де жұмақ бар» романының жазылу стилін осыған ұқсатуымызда. Автор атыс-шабыс, жеңіл тартыс, сөзуарлық диалогтен бойын аулақ тартады. Жазушыға ең басты керегі және барынша қызықтыратыны – адамдардың жан дүниесінің тереңіндегі қарама-қайшылықтар мен солардың арпалысы, итжығысы, өзін-өзі іздеуі, табуы және таба алмауы, сарсаңға түсуі... Уақыттың, қоғамның осылай алға тартқан шетін жайлары бас кейіпкер Көбейсіннің көңіл түкпіріне мықтап орнығып алады да, содан соң онысы бітеу жарадай сыздап, берекет таптырмай күллі тынышын алып бітеді.

«Төретам» стансасындағы теміржол депо бастығынан жабық қала мәрінің орынбасары қызметіне ауысқан Көбейсіннің бір қарағанда тіршілігі таптұйнақтай, бәрі жақсы: қызметі орнықты, жауапкершілігі жоғары, ешкімге қамшы салдырмайды, жұмысының ыстық-суығына көніп, бір кісідей дөңгелентіп әкетеді. Бұрынғы жұмысы да жауапты әрі мазасыз болатын. Күн-түн демейді, ыстық-суыққа да қарамайды, космодромнан шұғыл хабар түссе, әйелі алдын ала дайындап қоятын үстөл үстіндегі бір кесе ағарғанды іше салып, депоға қарай жүгіре жөнелетін. Ау, ғарыш кемесіне қажетті жабдықты тиеген ауыр составтың бір минут та кешігуге қақысы жоқ. Қашан діттеген жеріне жеткенше Көбейсін жанын шүберекке түйеді. Соңғы қызметінде де сол мінез – сол қалып: өте қатал, әскери тәртіпке негізделген жұмыстың ең ауыр салмағын, жауапкершілігін мойына артып алып, тыным таппайды. Соған сәйкес материалдық жағынан да, Құдайға шүкір, ешкімнен кем емес, анаумынау жетпейді деп күйкі тірлікке бас қатырған емес, қасындағы шаруаға мығым көрікті әйелі де қас пен қабағына қарайды. Бұдан артық не керек, иә бұдан артық не керек дейсіз?!..

Жоқ, олай емес екен, жазушы кейіпкерінің бітім-болмысы өзгеше. Бұрын әңгіме еткен «Ұста» әңгімесіндегі Тоғанас та дәп осындай мінездің адамы еді ғой: өзінің елден алабөтендігі жоқ қарапайым тірлігіне қарамастан ойшыл болатын, ішкі жан дүниесіне көбірек үңілетін, мазасыз көңіл-күйінің жауабын іздеп, кейде соның құрбандығына да шалынып кете баратын. «Жер үстінде де жұмақ бар» романының кейіпкері Көбейсін де осы сипатта. Мәскеуде жүріп білім алған, ысылған, талапты да зерек, оны төңірегіндегі толғандырар түйткілдер шашетек.

Көбейсіннің осы беймаза азаматтық көзқарасымен, ішкі жан дүниесіне үңілуімен Қазақ елін әлемге мәшһүр еткен Байқоңырдың қазіргі тыныс-тіршілігі, күрделі әлеуметтік-экологиялық мәселесі толыққанды бейнеленеді. Бұл ыңғайда жазушы шығарманың кілтін таба білген. Әлеуметтік-экологиялық теңсіздікті суреттеуде ауасы, суы, жері ортақ, бірақ тұрмыс-тіршілігі, тіпті көзқарасы мен мүддесі бір-біріне қарама-қайшы келіп жататын үш контрастыны таңдап алып, романның бүкіл оқиға желісін соның аясында өрбітеді.

Романдағы жазушы басымдық беретін үш нүкте қайсы? Біздіңше, бірінші нүкте – ғарыш айлағы, жабық қала. Адамзат ой-санасы мүмкіндігінің қазіргі таңдағы ең шырқау биігі. Бұл қасиетті өлкеден өткен ғасырдың елуінші жылдарының соңында-ақ адам баласы аспан кеңістігіне құлаш ұрған. Бұл өңір қоғам социалистік және капиталистік деп аталатын екі шепке бөлінгенде де Кеңес Одағының «кешегі құдіреті» осы төңіректі басты нысанаға алған... Ал қазір Кеңес мемлекеті келмеске кетсе де, оның өктем мұрагері Мәскеудің тынымсыз коммерциялық айлағына айналып үлгерген. Ғарыш кемесі жарылып жатыр-ау, ол қазақ даласына құлап, адам өміріне қатерлі гептил төгіліп, онсыз да шұрқ тесікке айналған даланы аясыз улап жатыр-ау... Коммерциялық мақсаттың онымен ісі жоқ. Талабы қатал, тек кестеден шығу керек. Пайданы үсті-үстіне тауып жатса болғаны. Романдағы Көбейсінмен қатар суреттелетін тағы бір кейіпкер, жабық қала мәрі Евгений Ильич мұны жақсы біледі. Бірақ ол өз мүддесінен, мансабынан асып кете алмайды. Мәскеудің алдында дәрменсіз, бұйрықты орындаушы ғана. Ауа-райы қатаң аймаққа әйелін әкеле алмаған қала мәрі осы өңірдің уақытша тұрғыны екенін де іштей жақсы сезінеді. Сондықтан көп нәрсеге бас қатырғысы келмейді, тек Мәскеудің бұйрығын орындап жатса болғаны. Ал Көбейсіннің қолы байлаулы, шарасыз, тіпті мұның мұңзарын құлаққа ілер, елер Мәскеу жоқ. Дегенмен, Көбейсіннің мазасыздығы – ар-ождан алдындағы мазасыздық. Оның ішкі қарсылығы Байқоңырдың байырғы тұрғындарының жан күйзелісінің шындығынан бастау алған.

Жазушы әлемдік ғарыш айлағындағы әлеуметтік-экологиялық кереғарлықты бейнелеуде сол аймақтағы екінші бір тіршілік нүктесі – «Төретам» стансасына көңіл аударады. Романның алғашқы парағынан-ақ аспан айналып жерге түскендей аптап ыстықтағы станса басының жұтаң көрінісі Көбейсіннің қабылдау-түйсігімен жан-жақты суреттеледі. «...Теміржолға ентелей қоныстанған қазақы үйлердің қам кірпіштен тұрғызылған аласа шартағы, жартылай құмға көмілген терезелері, қаңылтырмен қапталған ұп-ұзын мұржалары, бір-бір шаңырақтың төбесіне орнатылған спутниктік антенналары мың жерден қалпағын қақырайтсаңыз да, бұл сурет сірә, жолаушылардың көңілін көншітпейтін болар. Біреулер бастарын шайқайды, біреулер аяушылық білдіреді. Космодром және Байқоңыр іргесіндегі қазақ ауылдары дейтін бір-біріне мүлдем қабыспайтын, қабыспақ түгілі қарадай-қарап кісінің ит жынын тырыстыратын осы бір атамзаманнан келе жатқан кереғар ұғымды балталап тастайтындай, ішінен кіжінетіндер қаншама?! Айбат көрсетеді кәдімгідей. Ал сол аласа шартақтың қамыс есігінен басын қылтитқан жалаңаяқ, жалаңбас қара бала шақырайған күннен көзін көлегейлеп, жүйткіп өткен пойыздарға «жолдарың болсын!» дегендей әлжуаз қолдарын әнтек көтереді. Мұнысы – әрине, ішің жылитын-ақ құбылыс».

Автор мұндай детальді суреттеуге әдейі баратын секілді. Суреткерлік мақсат-мұратын да осымен аша түсетін сияқты. Өңір тарихы, тіршілік көрінісі... Бұл – әдебиетте бұрыннан бар дәстүр. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан қасиетті Шыңғыстау өңірінің мол панорамасымен танысамыз. Қазақтың жоталы сар даласы бар келбетімен, сұлулығымен көз алдымызға келеді. Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» роман-дилогиясымен өлімші халге түскен Арал теңізі тағдырын елестететіміз. Жазушы теңіздің ақырғы демі мен бұлқынысын қаламының құдіреті жеткен жеріне шейін қопара суреттейді. Біз де Қ.Жиенбайдың романынан осы сипатты көреміз. Аспанға ғарыш кемесі толассыз жол тартқан Байқоңыр өңірінің қасиетті де жұтаң, қайшылықты бейнесі кеңінен көрініс береді. Автор осыған басымдық жасайды. Әдебиетте бұрын космодром бейнесі Ш.Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» атты романымен көрінсе, енді Қ.Жиенбайдың романымен толыға түскен.

Романдағы үшінші нүкте – қасиетті Қорқыт кесенесі. Бұл бейненің символдық мәні басым. Бұл – қазақ даласының киелілігінің көрінісі. Қорқытта қазақтың ертеден қалыптасып, кешеден бүгінге жалғасқан дүниетанымы, салт-дәстүрі, наным-сенімі, түптеп келгенде, күллі рухы бар. Сондықтан да Мәскеуде оқып, білімімді жетілдірдім десе де, өмірдің талай талқысы мен қызметтің талай сынынан өттім, есейдім, тарлан тарттым десе де, романның бас кейіпкері Көбейсін ақыр соңында бар жан-тәнімен төңірегіне нұр шашқан Қорқыт баба рухына ұмтылады. Өйткені ол – өткен мен бүгіннің жалғасы. Бүгін өткенсіз болмайды. Бүгін өткеннен қол үзсе, ол мәңгүрттенеді, өшеді, мәнін жояды.

Романдағы үлкен тартыстың жаңғырығы да осы Қорқыт кесенесіне қатысты дамиды. Қорқыт кесенесі әлем назарына ілігіп, туристер келе бастайтын орынға айналғанда, жеке пайдасын ойлаған жандар (Көбейсіннің туған қайнағасы Сағыныш, ағасы Ебейсін) оның қасынан жер алып, пайдасы мол сауық-сайран орталығын салуды көздейді. Олар қызметтік беделдерін (бірі – депутат, бірі – ірі бизнесмен) салып, қала мәрі Евгений Ильичке өтініштерін орындата біледі. Табанының бүрі жоқ, жеңіл атақ-абыройды иеленгісі келген қала мәрі оларға жер бөліп беруге уәде етеді. Көбейсін мен Евгений Ильич арасындағы бітіспес, қажауы мол тартыс осыдан өрбиді. Көбейсіннің қазақтың киелі орны Қорқыт кесенесінің маңын арзанқой сауық-сайран орталығына айналдыруға жол бергісі жоқ. Киелі орынды қызғыштай қориды. Осындай текетірес сәтте Евгений Ильич ақыры илікпеген орынбасарына қазіргі уақытта жиі көрінетін, ешкім таңғалмайтын дәрежеге жеткен қорқытып-үркіту тәсілін қолданады. Қол қаруы мықты жігіттер Көбейсінді алып кетіп, айдаладағы, адам аяғы баспайтын жеке сарайда бірнеше күн қамап ұстайды. Сусыз, тамақсыз, есінен танған бірнеше күн қасиетті Қорқыт кесенесінің ғажайып сипатына деген қайта оның іңкәрлігін арттыра түседі. Кемітпейді, қайта еселендіреді. Неғұрлым қиындықты көрген сайын мына заманның жеке бастың қамын ойлаған күйтің тірлігінің қарқын алғанын сезініп, жерінген сайын ол Қорқыттың ғасырлар тереңінен күңіренген өлмес, ұлттық рухына жақындай түседі. Бұрын-соңды сезінбеген, басынан өткермеген сағынышты сарындар Қорқыт бабаның жаңа қырларын аша түседі. Сөйтіп Көбейсіннің жан дүниесінде аспанға құлаш ұрған ғарыш кемелерімен бірге Қорқыт бабасының бейнесі асқақтай, биіктей береді. Тек оны көре, сезіне алатын іңкәр, ыстық жүрек керек. Тасжүрек үшін ол жабық. Қазіргі замандас бейнесі Көбейсін образының халықтық сипаты осында деп білеміз.

Романның жазылуынан, жалпы композициясынан өзіндік ерекшелік байқалады. Түйіліп, жауар бұлттай түнеріп келе жатқан тартыс, көзқарас-мүдде алшақтығы бірде Көбейсіннің, бірде Евгений Ильичтің, бірде Ебейсін мен Сағыныштың, бірде Көбейсіннің әйелі Аққербездің жандүниелік суреттелуінен қылаң беріп, дамып отырады. Оқырман романды оқи отырып, олардың беттесуін, алақиғаш тартысуын, өзара өткір диалогын күтеді. Шығармада бұған негіз бар. Көбейсіннің қайнағасы Сағыныш – қазіргі уақыттың атақты пайдакүнем бизнесмені. Оның иісшіл танауы мен қырағы көзі пайдалы жерді тым алыстан, елден бұрын сезеді. Пайдалы сәтті ешуақытта құр жібермеу – оның өмірлік принципі. Өткірлігі және бар. Көбейсіннің жастық өмірінің, махаббатының кілт өзгеріп, асты-үстіне түсіп, Аққербезге үйленуінде Сағыныштың қызметі ерекше. Бүгінде жайқалған бәйбішеге айналған Аққербездің ағасының сөзін сөйлеуде, тіпті күйеуінің етегінен басып отырып, дегенін істетуде мүмкіндігі мол. Сағыныштың айнымас досы, оның талай қолдауына ие болған Көбейсіннің ағасы дәй қызметкер Ебейсін тағы бар. Бұған Ебейсіннің ықпалынан шыға алмаған жабық қала мәрі Евгений Ильичті қосыңыз. Шарт-та-шұрт айқас алаңы дайын тұр. Бірақ автор бұл пафосқа бармайды. Сол тартыстың көкірекке түскен зілін, айықпас дертін бірде Евгений Ильичтің, бірде Көбейсіннің қабылдауымен, дағдарысымен, күйзелісімен суреттейді. Бұл ретте жазушының өзіндік жетістігі көзге түседі.

Роман жанрын қазіргі дамыған әдебиетте әр алуан түрге бөліп жатамыз. Қ.Жиенбайдың «Жер үстінде де жұмақ бар» романы – біздіңше, әлеуметтік-психологиялық роман. Қазақстанның байырғы да даңқты мекені Байқоңырдың әлеуметтік-экономикалық жайын жазушы кейіпкерлерінің тағдырымен астастырып бейнелейді. Романдағы образдар көзқарасы мен өмірлік ұстанымы тұрғысынан әркелкі. Мұнда жеке пайдасын ойлайтындар да бар, олар жеңіл ұшынан жалғасып та жатады, болмайтынды болдырам деп аласұрады. Аз-кем болса да, оларға қарсы тұратын принципшіл тұлғалар да кездеседі. Олардың өмірі жеңіл деп те, үнемі жеңіскежетіпжатадыдептеайтаалмайсың. Тек өз мемлекетінің мүддесін көздеген, солардың талабымен жұмыс істейтін, Байқоңыр өлкесінде өзін уақытша сезінетін адамдар да, келіп-кетушілер де шығармада көрінеді. Мұның барлығы – өмірдің өзінен алынған, жазушының өмірден әдебиетке жетектеп әкелген кейіпкерлері. Сондықтан мұндай әралуандылық, көзқарастар қайшылығы романның реализмін, проблематикасын өткірлей түскен.

Шығарманың жазылу мәнері, тілі туралы бірер сөз. Қаламгердің өзіндік жазу машығы қалыптасқан. Суреттеу объектісін бетінен қалқып, қысқа қайырмайды, жоғарыда айтқанымыздай, кейіпкердің қоршаған ортаны қабылдауын, сезім-түйсігін, жан дүниесінің ішкі иірімдерін тереңдей суреттеу, детальға мән беру – жазушының стильдік даралығы десек, қателеспеспіз. Сол себепті де романда суреттеу объектісі басым жағдайда кейіпкердің қабылдауымен, қатысымен, жан дүниесінің сезім-сырларымен беріледі. Кейіпкердің көңіл-күй әуендері сөйлем құрылымдарына, түрлі реңктік мәнді күшейтуге ықпал жасайды. Мұндай сипат романның өн бойына тән десек, шығарманың оқылуы да өз оқырманын таңдайды. Шындығы керек, қазіргі қайбір туындыларда телеграфтық стиль, қысқа қайыру, соған сәйкес шығарма тілінің жұтаңдығы байқалып, қазақ тілінің мол байлығы, көркемдігі көрінбей жатады. Қ.Жиенбай шығармашылығы Ә.Нұрпейісов («Соңғы парыз» дилогиясы), Т.Ахтанов («Боран» романы) бағытындағы классикалық дәстүрге берік. Қазақ тілінің мол байлығын, көркемдік палитрасын неғұрлым кеңірек қолдануға, ашуға ұмтылыс жасайды.

Түйіндей айтқанда, жазушы Қ.Жиенбайдың «Жер үстінде де жұмақ бар» романы – қазіргі қазақ прозасындағы өзіндік ізденіс, орны бар шығарма. Иә, жазушы айтпақшы, жер үстінде де жұмақ бар: ол – туған жерің, қасиетті Отаның. Көбейсін күншілдердің қастығына ұшырап, қамалып, азап шексе де, өзгелер үшін сортаң тартқан, ауасы құрғақ, өмір сүруге жайсыз, тал-дарағы сирек туған жерінен бәрібір безінбейді. Безіну тіпті ойында жоқ. Өйткені ол бүкіл тағдырымен, шыр етіп дүниеге келгенде-ақ кіндігімен туған жеріне байланған.

Шамамыздың жеткенінше жазушының бір әңгімесі мен бір романы төңірегінде байыпты сөз қозғауға тырыстық. Теңіздің дәмі тамшыдан білінеді, қаламгердің шығармашылық әлеуеті оқырманға біз айтпасақ та белгілі. Біздің қосарымыз – жетпіс жастың қырқасына көтерілген Қуаныш Жиенбайға тың туындыларыңызбен ел-жұртты қуанта беріңіз дейтін тілек қана...

Сәмен ҚҰЛБАРАҚ,
филология ғылымдарының докторы, профессор, М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті «Дулатитану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры

Сөз құдіреті

ЭССЕ

Ашық дереккөзден алынды

Көл жағасында оншақты үйлі ауыл. Көршілер туысыңдай. Бірінің кем-кетігін екіншісі түгендейді. Жарамды ат әрқайсында бола бермейді. Ол уақытта той-томалақ қазіргідей жиі болмаса да өтіп жатады. Көрші келді үйге. Сөз бастады ақырын. Алдымен мал-жан, сосын өзге мән-жайға кезек тиді. Аталары жөнінде сөз өрбіді. Көргендерін естеріне алды, беттерін сипады. Аяқталар емес әңгіме. Көктем-гершілік жайы де ұмыт қалған жоқ. Биылғы төл жағдайы да айтылды. Үй иесінің атсейістік еңбегі де елеусіз қалмады, мадаққа оранды. Мұны кім жек көреді. Отағасы көңілі кеңіп, одан сайын жіби түсті. Соны байқаған көрші бастырмалата берді. Сиыр сауым кез орағытпа әңгімені қыздырып, ақыры құдаларына барып келу үшін жүйрік ат майын сұрады. Оған көнуден басқа амал жоқ еді. Солай болды да. Көнеден жеткен қымбат сөз үй иесін тырп еткізбей, бұрылып ұзай алмайтындай орады, сөйтіп, азаматқа демеу болды, жоқтың кем-кетігін жамауға барға көмектесті. Әр шаруаның иінін келтіріп, қисынын табатын осындай биік шешендік қабілет қайдан жүр еді сол заман адамдарында?! Олар тіпті мектепте де оқыған жоқ қой, өзгесін былай қойғанда!..

Астапыралла!.. Асылыққа ұрынып, шатасыппын-ау!.. Әкелеріміз, аталарымыз оқыған екен!.. Тоқыған да екен! Көп көрген де екен! Ауылға айына бір-екі мәрте ат басын тіреп, жұртты жинап, баршасы ұйып тыңдайтын қасиетті қиссалар мен жырларды, бабалар өсиеттеген адалдықты, батылдықты, жақсылықты, игілікті мадақтайтын дастандарды таң атқанша жұрт санасына құятын жыраулар келетін. Барлығы шаруасын бітіріп, кешкі асын ішіп болған соң ауыл ақсақалының кең үйлі отбасында бас қосады. Төрде үлкендер, төменде жастар, қатынқалаш ортада, балалар басын әкелерінің тізесіне қойған. Анда-санда жылы қара шайды ұрттап құлаққа жағымды түрлі мақаммен салған жыраудың екпінді үні жұрттың көңілін өзіне еріксіз аударатын, кәрі-жасы бар, қыбыр етпей тыңдаушы еді. Санаға солайымен қаланып, сіңіп қалатын мағыналы, салмақты, ұытты сөздерді.

Ал шариғат қозғайтын үлкендерді қалай ұмытарсың?!.. Сыздық атамыз болған еді баяғыда. Зұлымдықты жақсылықпен жеңуге қажет шариғатты көп алдында тербеп, түгендейді қария. Қоңыр дауысты сөзі мәнді, ой-шұқыры жоқ алаңсыз, әңгіме көші тоқтамастан, бір мүдірместен қарымды өзен ағысындай қарқынды өрлейді кеп. Сол әңгімелер әлі ойымызда, жадымызда, санамызда!..

Белгілі құбылысты бұрын көп көріп, мол естігеніңмен оған аса мән бермей келе, кейін, орайлы сәтте, соны өзінен-өзі жаңа қырынан байқап таңғалатының бар емес пе?.. Бұл да сондай болған сыңайлы! Бұрнағы көмескіленген көрініс тың мағынасымен, өзгеше мәнімен таңғалдырса амалың қанша?!

Жуырда әріптес інім мерейжасына арналған салтанатты жиында көңілге қонымды, жанға жайлы, күздің салқын күні санаңды жылы құшаққа алғандай, тыңдап отырған кімді де болса елең еткізер, апырай-ә деп жұртты таңғалдырар зерделі, өнегелі көріністе орандым. Құдды ерте заманда ешкім меншігіне өте қоймаған қазақтың ұлан-асыр кең даласында, арынды өзен жағалауы көкорай шалғынына жиі қонған ауылдар арасында, қозының етін жеп, қоңыр майы бетінде қалқыған сары қымыз ішіп, тазымен қоян қуып, садақпен қаз атып сайран құрып жүргендей сезіндім ғой өзімді. Айналамдағы достарым және әріптестеріммен мақтанғым да келгенін қалай бүгіп қалайын!.. Осындай ерекше жайлы көңіл-күйде болу себебін содан бері білуге, түсінуге ұмтылдым.

Әріптес азамат алпыстың биігіне шығыпты. Осы інім қазақ тілі мен әдебиеті ғылымының белді өкілі. Ғылымға айтарлықтай еңбек сіңіріп, барынша мол шығармашылық іс қайырып, ұрпақ қамын биік жанашырлықпен күйттеп келеді.

Жасыратын несі бар, жас кезімізде, кісі болған уақытта да көпшілігіміз тіл мен әдебиетке қосалқы пән сияқты қарағанымыз рас. Әлі есімде институтқа түсерде үш пәннен емтихан тапсырғаным. Математика, физика, тіл. Басында алдыңғы екі пәннің үш сынағынан өттік. Осыдан-ақ, соңғы пәннің көп мәселе шешпейтіні көрініп қалатын. Сөйтіп, тіл емтиханынан бірен-саран болмаса ешкім сүрінбейтін, өйткені қабылданатын студенттер саны алғашқы екі пәннен кейін-ақ түгенделіп, іріктеліп жататын.

Жетіжылдық мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен Нысанбай ағайымыз дәріс бергені әлі есімде. Ол кісінің сабақ жүргізуі өзгеше. Сөздері екпінді, бірақ, санаңа салмақ болардай қатты, биік толқыны жоқ, құлаққа жағымды жұмсақ сарынмен көмкерілетін еді. Сондықтан болар ағайымызды беріліп, тіпті ұйып, тыңдаушы едік. Осы сағынышты елеспен мәндес құбылысты өткен мәжіліс үстінде тағы көріп, рахаттандым.

Сол жиынды тағы қайталайын!.. Шынымды шайқасам, көңілге қонымды сөздер тыңдап, айтып жеткізе алмас халде болдым сонда. Көзімді сәл жұмып қалып едім, алдыма баяғыдағы ұстазым Нысанбай аға келе қалсын. Со қалпы, сәл күле қарап шуақ шашатын күйі. Сөздері сондай жылы, санаңды бірден жаулайтын, еш жаққа алаңдатпай өзіне бұрып, баурап алатын!.. Әріптес қаламдасы сөз жалғапты. Тағы да жаптым көзімді. Алдымда алпыс жыл бұрынғы бейне. Жыраудың қоңыр дауысы келді ғой құлағыма. Рахаттана тыңдай түстім келесі азамат сөз алғанша. Кезек ауысты. Мен де қиялға сүңги бердім. Сыздық атам оралды көз алдыма, тірек болар өмірге нақыл сөзді шариғатпен. Осыны бастан кешкенім ып-рас, мүлде шаласы жоқ!..

Келмеске кеткен кеңестер дәуірінде орыс тілінің мәні биік еді. Сол тілді жетік білген азаматқа әрдайым жол ашық. Жұрт мұны биік абырой санайтын. Сол ұлт өкілдерінің өзін сөзден жаңылдыратын жүйрік бауырларымызды қоғам биік бағалаушы еді. Тілді орташа білетіндерді төмен санап әжуалайтын. Сөйтсек, кім білген, бұл «Жығылған сүрінгенге күледінің» кері екен-ау нағыз!.. Өйткені, өзге тілде төгіліп тұрғандардың барлығы ана тілінде жорғаламайтын! Не деген білместік, өзінің төл, туған тілін бас иіп, мойындап сыйламағандық!.. Солардың ішінде мен де бар едім. Осы есіме түссе қаншама уақыт өткенмен, қазір өзімнен өзім қарап отырып қызараңдаймын!..

Болмыстың басты көрінісі – адам мен адамның жолығуы, тілдесуі, пікірлесуі, келісуі, шатасуы, татуласуы, жақындасуы, мұңласуы. Осының барлығы тіл мен сөз арқасында жүзеге асады. Соған қарағанда тіл мен сөздің де шуақты, көлеңкелі, бұлтты, салқын, толқынды тұстары бар-ау, шамасы.

Іргелі білім ордасына оқытушылық қызметке ауысқалы байқағаным, қазақ тілі және әдебиеті мамандарымен сөйлесу, пікірлесу ерекше жылулық сыйлайды екен. Бұрындары осы сезім мені буалдырланып, сәл-пәл көмескіленіп өзіне жәйлап бұра тартып жүрген болса, сол әріптес іні мерейжасына арналған салтанатты жиында қайратты екпінімен, ыстық шуағымен, мол сырымен орап, көндіріп, баурап алғанын айтпауға, сірә да, болмас?!.. Бұл азаматтар кәсіби ерекшеліктеріне байланысты әдебиетті барынша көп оқиды, содан да болар олар адам мінезінің қалыптасу сырлары мен көпшілік біле бермейтін болмыс құпияларына қанық болатындығы да рас шығар.

Қанша адам болса, сонша мінез бар. Мінезі жібектей деп жатады. Сол азамат айналасына жылу мен шуақ таратады. Шатақ мінезді әркез былық қуып, жоқ жерде өзгені сүріндіріп, лаң салуға ынтық. Содан рақат тартқандай, көңілі жай тапқандай, маңындағының қиналғаны, күйінгені өмірінде шыққан биік төбесіндей бір. Оның сазайын жібек мінезді азамат береді. Өйткені, ол білімді, өнегелі, парықты, шыдамды, мәдениетті. Осы азамат сол пенденің құрығанда екіүш адым алдында жүреді, келесі сәттегі айтарын, жағымсыз істерін дәл нобайлап болжайды, сондықтан оның бағытын орап, тіміскі мақсатын кескестеп, күңгірт пейілін тұмшалайды. Ендеше, әріптестерім нағыз жібек мінезді азаматтар.

Олар айтар ойын алдын ала мұқият пішіп таразылайды, әр сөздің нақ өз орнында, тиімді жерінде жатуын жіті қадағалайды, құбылысты суреттеуге әжет сөздің оған толық сәйкестігін бақылайды, айтылар уәждің ешкімнің жеке басына тікелей қолайсыз әсер беруін бөгейді, аян болар мәселені тыңдап отырған қауымның барынша ыңғайлы, солайымен толық және жеңіл ұғуына бар күшін салады. Осы оп-оңай шаруа болмаса керек. Өзінен гөрі өзгенің қамын көбірек ойлау жатқан сияқты мұнда. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген осындайдан шыққан-ау.

Сөз пәрмені мен құдіретін түсінген, білген кісі ғана оны ұқыпты, тиімді, жұртқа қауіпсіз күйде қолданады, өйткені, өзгеден гөрі ол осыны жақсы біледі, солай жасамаса сөз шатағы оның өзіне де абырой бермейтінін мықты сезеді. Неліктен олар осындай биік жетістікке иелік еткен?!.. Соның түбірін, түпкі себебін білу мәнді, әрине. Осы биікке әріптестерім құдіретті тілді білгенінен, қасиетті тілді жетік меңгергендіктен, бабалар тілін туабітті қалағанынан шыққан екен!.. Қалай дегенмен, тіл мен сөзді біліп, зерттеген азамат, болмысты да кеңінен түсініп, адамдар арақатынасын осыған орай жетік білетіні жасырын сыр емес. Демек, тілді жетік біліп, талдап-түсіну адамға биік несібе жеткізеді. Ол – болмыстың сырына мықты қанығуы, ненің жақсы, ненің көлеңкелі, ненің пайдалы, ненің зияны екенін жұрттан бұрын, ерте білу, сезіну.

Сол азаматтардың әрқайсына осы жоғары қасиет жүрек қалауымен келгенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Егер адамға мың жақсылық туған тілі арқасында келетін болса, онда төл тілі анасындай болғаны да! Онда ана тіліңді сыйла, сүй деудің өзі ерсілеу емес пе?.. Осыған бұйрық пен нұсқау күту қажет пе?!.. Осы уақытқа дейін бізді біреу анаңды сүй деп үгіттеді ме?!..

Ұстаздар, әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті оқытушыларының сабырлығы мен байсалдылығы әрдайым көзге түсетіні белгілі. Өмір болғасын түрлі оқыс, күтпеген жағдайлар кезігетіні рас, соның өзінде де осы азаматтардың күйгелектік мінез көрсетіп, айналасына салқын мен ызғар шашуы сирек кездесетін, тіпті мүлде кезікпейтін құбылыс. Ал енді осының аржағында сол азаматтардың болмысты терең түсінгендігі мен өзгеге деген биік қайырымдылық пен мол жанашырлық жатқанын көбіміз біле бермейміз. Қашан да осы азаматтармен кезіге қалсаң әрдайым жылы лебіз бен ыстық пейілді байқауға болар. «Ашу – дұшпан, ақыл – дос» деген қағиданы олар бойына туды бітті сіңіргендей!

Өмірге енген пенденің оңды адам, азамат болуы міндетті. Бұл алдымен қазақ қоғамына қажет. Осы мақсатта ол өнеге-білім жинақтайды. Түрлі мамандық иесі болу үшін машықтанады, оқиды. Сөйтіп, жаманды-жақсылы маман болып үлгереді. Ал жақсы адам, оңды азамат болу үшін ұлы әл Фараби айтқандай, тек жақсы маман болу шарт емес. Демек, мықты маманның баршасы жақсы азамат емес. Сонда қалай?!.. Жақсы адам болу үшін не істеу керек?.. Мүмкін, мықты азамат болуың үшін ешбір қатесі жоқ, адамзаттың дамуымен мың сыналып, сан дәлелденген бабалар өнегесін сіңіру керек шығар санасына қазақ баласы. Сол арқалы білім оны теріс жолдан сақтандырады, бүкіл ғұмырында қателеспес шамшырақ болады, жұрт пен ел алдындағы басты міндетін бұлжытпай орындауға бастайды.

«Достық үйі» мен «Студенттер сарайы» арасындағы кең, көлік жүрмейтін, ауасы таза, жаяу адамның ауқымды дем алып, тыныстауы үшін барынша қолайлы көшемен кейде серуен құратыным бар. Баскиімді баса отырғызып, шашымның селдірін көрсетпеуге тырысқанымымен, кепка етегінде көрініп тұрған кешегі қалың шаштың мардымсыз қалдығы со бойы құдай. Мүмкін содан да болар, бағыты менің жолыммен қиғашталған жастар анадайдан жүрісін бәсеңдетіп, кедергісіз өтуіме жылы ілтипатпен жағдай жасайды. Соған риза болған мен: «Өмірлі, бақытты бол, айналайын!» деймін. Қайда оқып едің деп те сұрайтыным бар. Сол уақта олар қаланың іргелі қазақ мектебін атайды. Кейде осыған қарама-қарсы көрініс байқайтыным да бар. Жүрісім, әрине, баяу. Соңымнан ентелеп жеткен жас қандасым, құдды жауыз браконьердің алдын анадайдан орап жанталасқан аңқау ақбөкендей, дәл мұрным алдынан кес-кестеп өте шығады. Іштей ренжігенімді білдірмеуге тырысып, жаңағы ғаріптен: «Қай мектепте оқып едің, қарағым?» деймін. Сонда ол: «Вам то чего?.. дейді ғой! «Не-е, мне ничего…» деп әрі жүре берем. Бірақ, осыдан кейін қайдағы серуен!..

Ұлы Құдіреттің шапағатымен, атаның қанымен, ананың сүтімен адамда түрлі қауіпті сырқаттарға қарсы тұрарлық қасиеттер пайда болып, оны өмір бойы бәле-жаладан сақтайтыны белгілі. Бірақ, адамды сонымен қатар саналық зиянкестер де мазалап қинайды, көндіреді, жеңеді, түрлі теріс әрекеттерге итермелейді. Соның баршасын байқап, көріп, сезіп отырған жағдайымыз бар. Осыны болдырмау бағытында қоғам түрлі тәрбиелік әрекеттерге баруда, азаматтарды болымсыз тірліктерден сақтандыруда. Сол істер азды-көпті оң нәтижелерін беруде. Дегенмен, қазір көріп отырғанымыздай ойдағыдай, толық қанағаттанарлық нәтижеге жеттік деу ерте. Сондықтан бабалар қалдырған қазынаға терең үңіліп, солардан жәрдем-көмек күткеніміз дұрыс болар.

«Ұызына жарымаған» деп жатады. Анасынан туғанда уызын тойып ембеген төлдің жетіліп кетуі екіталай. Егер жас бүлдіршін сөйлеуді ана тілінде бастаса, сөз жоқ, оның қасиетті бабалар қазынасына терең сүңгуіне есік айқара ашылады. Міне, қазақ баласына қажет уыздың көкесі осы!.. Ендеше, балаларымызды, немерелерімізді өзге тіл мектебіне беріп, оларды төл тілі құдіретін ұғыну мен түсінуден, тұнып тұрған қазақы тәлім-тәрбиеден бөліп, алшақтатып, алыстатып, дүбәралау өнеге жолына салу олардың болашағына жасап жатқан қиянат болмай ма?!..

Ұрпағымыз біздің бүгін жіберіп жатқан олқылығымызды білмейді, сезбейді, олай істемеңдер деп айта алмайды. Уақыт өтер, олар өсер, азамат болар, ұрпақтары дүниеге келер. Сол заманда олар қанында бар мол ізгілікті өз ұрпақтарынан күтер де, бірақ, соны көре алмай қиналар, ойланар, бұл неден болды екен деп ой толқынына басын иіп жүгінер, сонда ғана өз әкелерінің қателіктерін байқап, орынды, әділ өкпелерін ашып, алдыңғыны кінәлар. Осылай болары әбден мүмкін!

Әрине, ұлтжандылық рух жоғалмайды, жойылмайды. Ол бәсеңдеуі мүмкін, тіпті мүлгуі де мүмкін, бірақ түбегейлі сөнбейді!.. Қазақ азаматының бойында, қазақ азаматы әулетінде, отбасында сол қасиетті рух сақталады, қайтадан жарыққа шығып жарқырайтын сәтті асықпай күтіп жатады. Сонда бәлкім біз жіберген қатені түзетер де!.. Бірақ, бізді кешіре ме, жоқ па?!..

Демек адамға бар жақсылық тілмен келетін болғаны ма?!.. Солай айтпасқа лажымыз жоқ!.. Егер қазақ баласына әбден қажет барша өмірлік қағидалар мен өнегелер, өткен замандарда өмір сүрген бабалардың алтын мен гауһарға бергісіз сөздері мен әдеп-ғұрыптары сол тілді толық меңгерген жандарға бұйыратын болса онда қазақ баласына қазақ тілі ата мен анадан ғана кейін орын алатын мәні өзгермес зор да, биік шың болары анық!.. Соған көтерілу қазақ баласына айбарлы ұлт құндылықтарын, бабалардың қасиетті әдеп-ғұрыптарын, жүздеген жылдар сынынан өтіп, сан қилы өмір қиындықтарымен шыңдалған құдіретті қазынаны сыйлайды.

Шіркін, барша қазақтың баласы өз тілін жетік біліп, бабалар өсиеттеген ұлттық рухани құндылықтарға қанық болар ма еді?.. Онда береке-несібеміз мүлде артып, жанымыз жай тауып, бірлігіміз биіктей түсер ме еді?!.. Өйткені, төл тіліңді шұбарламай таза сөйлеуің, бұрын-соңды зорлық-зомбылық жасап дағдыланған адамның түк басып қатайған, сол қиянатқа бас ұрып көніп, үйренген пенденің тот басып қабыршақтанған жүректері жібіп, жұмсарып, тазарып, оның бала кезіндегі таза, мөлдір ахуалына жетер ме еді?!..

Жапония – өркениетті елдердің алдын ораған мемлекет. Жер аумағы онша көп емес, бізден жеті есе кем. Халқының саны керісінше алты есе көп. Ал енді, осы елдің ғалам алдындағы орны кереметтей. Ғылым мен технологияның дамығаны сонша, тұрғынның күнкөрісіне қажет, олардың күнделікті тірлігін барынша жеңілдетуін көздеген қондырғылар мен көлік жасауда алдына жан салмайды. Осы игілікті істің шапағатын бүкіл дүние жүзі көріп отыр деуге де болады. Шамасы, осының сыры жапондардың ұлттық қасиеттерін биік ұстауында болар. Мұның жауабы сол елдегі білім үрдісінің айтарлықтай ерекшелігінде. Азаматтарының ұлт құндылықтарын барынша жоғары ұстауында екені көрініп-ақ тұр. Ең алдымен ана тілін биікке көтеріп аспандатады олар. Мұнда бүлдіршін алтыншы класты аяқтағанша тек жапон тілін оқиды. Өзге тілдің қарасын да, көлеңкесін де, маңайын да көрмейді. Тек, жетінші сыныптан бастап ағылшын тілін оқи бастайды. Неге?!.. Осында жатыр мәнді гәп! Бұғанасы қатпаған балапанның санасына ана тілінің барынша орнығып, солайымен өзгерместей сіңуіне, осы тілмен келген құдіретті өнегенің оның бойына кейін өзге тілден келер қолайсыз әсерінен тіпті былқ етпеуіне!..

Қазір әлеуметтік желінің пайдасынан зияны мол екенін байқап қалатынымыз да бар. Алайда, өзгелер сияқты мен де соған біртабан үйірмін. Бір қолым ноутбук тетігінде, екінші қолым смартфон құлағында. Түртіп қалып едім, қаланың кең көшесінде жатқан жабайы бұғыларды көрдім. Бір үйірі жатыр көше шетінде, әріректе тағы бес-алтауы. Ішінде бұзаулары да бар. Жазуын оқыдым. Жапонияның Нара шаһары. Қазақ шаруасы ауласында жүрген сиырлары мен баспақтары сияқты жануарлар мүлде жайбарақат. Таңғалдым. Қалай таңырқамасқа?!.. Осы ұлт өкілдерінің мықты қабілеттері, игі істері мен ниеттерінің арқасында азаматтарының барша қажеттіліктері солайымен толып, қанағаттандырылып, оған жарасымды ілесе жануарлар дүниесінің де адамдар пейілінде жағымды орын тапқанының тамаша көрінісі шығар бұл. Ендеше, осы ел азаматтарынан үйренеріміз мүлде көп! Әсіресе, тіл жөнінде!.. Кім білген, болашақта ауылымыздың көшелерінде ақбөкендер мен еліктер де алаңсыз жайылып, адамнан үрікпес те болар. Сол уақытта өзіміз қандай болар екенбіз?!.. Ол кезде, мүмкін, жастарымыз білім ордасына оқуға түсу үшін ең алдымен қазақ тілі мен әдебиетінен емтихан тапсыратын шығар?!..

Серікбай ҚОШҚАРОВ,
профессор

Биыл бірінші сыныпқа 17543 бала қабылданды

Жаңа оқу жылында 322 мектепте 180 мың оқушы білім алады деп жоспарлануда. Биыл бірінші сыныпқа 17 543 бала қабылданды. Барлық білім беру ұйымдары қажетті санитарлық-гигиеналық заттармен қамтамасыз етілген. Оқулық және оқу-әдістемелік кешендерге жергілікті бюджеттен 1,2 млрд теңге бөлініп, 412 029 дана оқулық алынды. 25 тамызға дейін барлық білім ордаларына толыққанды тасымалдау-тарату жұмыстары аяқталады.

Sb **Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,**
«Сыр бойы»

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Б.Бердәулетов айтты.

– Жыл басынан бері 1-4 сыныптарда оқитын 70173 және әлеуметтік осал отбасынан шыққан 5-11 сыныптардағы 16777 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды. Бұл жұмыстар жаңа оқу жылында да жалғасын табады. Көмекке мұқтаж 37087 баланы бір реттік қаржылай көмекпен қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттен 1,3 млрд теңге бөлінді. «Мектепке жол» акциясы аясында демеушілер тарапынан 1754 бала қаржылай, 3156 балаға оқу құралдары, 485 балаға мектеп формасы алынды. Сондай-ақ «Самұрық-Қазына» қорының бастамасымен 1-сыныпқа баратын 1830 оқушыға оқу құралдары табысталды. Алдағы уақытта «Ел-арай» қорының 500-ден астам балаға көмек көрсетуі жоспарлануда. Балаларды тасымалдауды ұйымдастыру үшін мектептерді автобустармен жарақтандырудың «Жол картасы» аясында лизингтік қаржыландыру шарттарымен 30 автобус алынды.

Апатты мектептерді жою – білім саласындағы басым бағыттардың бірі. Қазіргі уақытта өңірде 6 апатты мектеп бар. 4 апатты мектеп құрылысы «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасына енгізілді. Жоспарға сәйкес мектеп құрылысын 2024-2025 жылдары іске қосу күтілуде. Аймақтағы барлық білім беру ұйымдары бейнебақылау жүйесімен толық қамтылған, – деді Бағдат Қамбозұлы.

Облыс бойынша білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Ғалия Дәулетова атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндады.

– Департамент 2023 жылға мемлекеттік аттестаттауға жататын 198 білім беру ұйымының тізбесін бекітіп, сайтқа орналастырды. Қыркүйек-желтоқсан айларында 40 балабақша мен 44 мектепті мемлекеттік аттестаттаудан өткізуді жоспарлап отырмыз. Қазір мемлекеттік балабақшалармен қатар жеке балабақшалар да мемлекеттік аттестаттаудан өткізілуде. Былтырғы оқу жылында білім басқармасына көркем әдебиет сатып алу жөнінде ұсыныс берілген болатын. Бұл бағытта тиісті жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі күні Қызылорда қаласы бойынша үш ауысымда оқытуы мүмкін 6 мектептің төртеуіне қосымша құрылыс салынды. Департамент тарапынан осы мектептердегі оқушылар контингентін бұрынғы қалыпта ұстап тұру, 3 ауысымды түбегейлі жою бойынша мониторинг жүргізіледі. Проблемалық білім беру ұйымдары департамент бақылауында болады, – деді ол.

Сырдың тектітұлғасы

Бименде Баймаханов – Ұлы Отан соғысының ардагері, туған жеріне бүкіл саналы ғұмырында адал еңбек етіп, қатарына сыйлы, қадірлі, абыздығына қылау түсірмеген, пайым-парасаты ерекше, дарабоз қаржыгердің бірегейі ретінде ел жадында сақталып қалды. Жалпы Сыр жұртшылығы Баймахановтар әулетін жақсы біледі, бүгінде бұл әулет қазақ еліне танымал.

Мен, көп шәкірттерінің бірі ретінде, Бименде ағамыз, әкеміз туралы білетін, үлкендерден естіген азды-көпті өмір деректерін таратыңқырап айтсам ба деймін. Сонау 1969 жылы, Алматы халық шаруашылық институтының соңғы 4-ші курсында қаңтар айында Қызылорда облысының қаржы бөліміне үш айлық практикаға екі студент келдік. Оның бірі Аралдың тумасы Дүзелбай Құдайбергенов деген азамат еді. Марқұм кезінде Республикалық халық банкісінің бірінші басшысы болды. Біздерді практикант ретінде кадр бөлімінің басшысы Харенко Зоя, қаржы бөлімінің бірінші орынбасары Бименде Баймаханов ағайға алып кірді. Ол кезде қаржы бөлімінің меңгерушісі Сақауов деген кісі болатын, Камал Шөкенов ағай бюджет жөніндегі орынбасары екен.

Ол кезде біздер жаспыз, көп нәрсенің парқын біле бермейміз. Көп ұзатпай кадрдегі Зоя екеуміздің құжаттарымызды алып, қосымша қағаздар толтыртты. Сөйтсек екеумізді аға экономист ретінде уақытша қызметке қабылдау жөнінде бұйрыққа Бименде ағай өзі қол қойыпты. Кейіннен естігеніміз, бірінші басшымен келіспеген де екен. Қарапайым шаруаның балдары үшін, үш айға жуық айлық алу, үш ұйықтасақ түсімізге кірмейтін байлық-сый емес пе?! Сөз жоқ, қаржы саласында артық қаражат бола бермейді, бірақ біздің жағдайымызды зерделеп, ағамыздың берген көмегі екен ғой. Азын-аулақ сол ұжымнан ол кісі туралы білгеніміз сауатты, мінезі қаталдау, барлық қызметкерлерден тәртіпті талап ететіні басым айтылды.

Келесі 1970 жылы Мырзатай Есмаханов досымыз екеуміз Қаржы министрлігінің жолдамасына сай, жас маман ретінде Қызылорда облысының қаржы бөліміне қызметке қабылдандық. Қаржы бөлімінің меңгеушісі болып 1970 жылдың күзінде Камал Шөкенов тағайындалды. Биекең мен Камал ағайлар үлкен сыйластықпен зейнет жасына дейін бірі кірісін, бірі шығысын абыроймен басқарды. Сол қаржы саласында есейдік, отбасын құрып өндік, өстік, азды-көпті 42 жылдай елімізге шамамыз келгенше қызметімізді аяған жоқпыз.

Өмірдегі алғашқы еңбек жолындағы қадамның жауапты қаржы саласынан басталғаны, негізгісі тәлім-тәрбие алудағы ұстаздарымыздың ұлағатты, пайым-парасаты мол, ерекше сауатты, жершілдіктен аулақ, тазалық пен әділдікті ту еткен, кісіліктің парқын білетін, тектілігі терең, жастарды тәрбиелеп жетілдіруге айрықша көңіл бөлетіндігінде болды. Осының арқасында қаншама шәкірттердің үміт шамшырағы жанып, айы оңынан туып жатты. Кеше мен бүгінге дейін көбісі Республиканың Әлеуметтік министрі, Қаржы министрінің орынбасары, Республикада қазынашылық жүйесін, қаржы бақылау саласын басқарып, біразы Үкіметте, Парламентте, Президент Әкімшілігінде абыроймен қызмет атқарды. Олардың ішінде Сейтсұлтан Әймбетов, Мырзахмет Ауанов (жерлес інілері ретінде, ағайлардың шәкіртіміз дейтін), Қамбар Әжібеков, Құттықожа Ыдырысов, Рахым Тоқсейітов, Дайрабай Ысқақов, Серік Мұстафаев, Сәндібек Аманжолов, Рая Ысқақова, Мырзатай Есмаханов, Нұргүл Беркімбаева сынды көптеген шәкірттері болды. Бәрінің бірауыздан айтатыны – біздер Бименде Баймаханов, Камал Шөкенов ағайлардың шекпенінен шыққанбыз дейтіні.

Келгеннен бастап мен облыстық қаржы саласының ауыл шаруашылығын қаржыландыру және бақылау бөлімінде аға экономист, одан бөлім басшысы болып қызмет атқардым. Тікелей бұл бөлімге басшылық жасайтын Бименде ағай болды. Күнделікті қызметте, жиындарда бөлім жұмысына байланысты қатты сындар айтылып, ескертулер де болып жетті. Содан ба, менің ол кісіден алған тәлім-тәрбием молдау, қамқорлығы көптеу болды деймін.

Көнекөз қариялардың айтуынша, Құлшық атамыз 15 жыл болыс болған, одан Баймахан атамыз өсіп-өніп үлкен әулетке айналады. Ал оның ұлы Бименде ағай Ұлы Отан соғысына қатысып, елге аман оралады. Ашаршылықтың да ащы дәмін татқан. Осындай қиындықтарға мойымай, жасымай білім алып, зеректігінің арқасында ұдайы білімін жетілдіріп отырған. Қай қоғамда да білікті маман, ұйымдастыру қабілеті жоғары, зерделі басшы ел ортасында үлкен абыройға ие болған ғой.

Бұрынғы кеңес дәуірінде облыста қаржы саласының рөлі өте жоғары болды. Аймақтың тыныс-тіршілігі, әсіресе әлеуметтік салалар, жылу, абаттандыру, жергілікті өндіріс орындарының жұмыстары қызу еді. Сол кездері кейінгі уақытта да облыстағы сала басшылары өздерінің министрліктеріне, я болмаса Үкіметке ұсыныс-өтініштерін Бименде ағамызға көріп берініізші деп, үлкен өтінішпен келеді екен. Әрине өтініштің бәрін қарай бермейді ғой. Оны біздің Биекең ағамыз мағынасын маңыздылау қылып бірақ бетке сыйдырады екен. Ол кісі үнемі жоғарыға, ілуде болмаса бір беттен артық хат жолдамайтын. Әділдік үшін айтылу қажет, егер аймақта үш адам сауатты болса, соның белді бірі Бименде ағамыз екеніне дау жоқ қой деймін. «Ел құлағы елу» дейді ғой қазағым, кезінде Биекеңнің сауаттылығын обкомның бірінші хатшысы Хасен Шаяхметұлы Бектұрғанов та мойындаған деседі.

1970 жылдары облыстың қаржы бөлімінің меңгерушісі Сақауов деген азамат басшыға жат қылықтарын көрсете бастайды. Ол кісіні облыстық атқару комитетінің төрағасы Әбен Асқаров ағамыз алып келген екен. Бір кезекті жиында, «жолдас Асқаров, мына итіңізді алып кетіңіз» деп Бименде ағай екі ауыз дәлел айтқанда, төраға бір ауыз қарсы пікір айта алмай, оны қызметтен босатуға мәжбүр болыпты.

Мен 1977 жылы Қаржы министрлігінің Қызылорда облысы бойынша бақылау-тексеру басқармасының (КРУ) Бас бақылаушы-тексерушісі болып тағайындалдым. Соған орай жылына екі рет Қаржы министрлігінің кеңейтілген алқа жиынына облыстың қаржы бөлімінің басшыларымен бірге қатысатын болдым. Сол кездегі (қаржы) министріміз Ұлы Отан соғысының ардагері Рымбек Смақұлы Байсейітов нағыз қаржы саласының майталманы, өте беделді кісі болды. 10 жылға жуық абыройлы қызмет атқарды. Биекеңнің ол кісімен сыйластығы, достығы ерекше еді. Отбасымен араласты, Биекеңнің арқасында министрдің отбасынан бірнеше рет дәм-тұз таттық. Рекең, Камал Шөкенов ағайды да қатты құрметтеді, сол құрметке Камал ағамыз да лайық еді. 1984-1985 жылдар болуы керек қаржы министрі Рымбек Смақұлы Бименде ағамыздың профе-рансты тәуір ойнайтынын біледі, алқа жиынынан кейін бе, алдағы демалыс күндерді меңзеп «бір-екі күн қалсаңыз, сізді бір кісімен таныстырамын» депті. Сол күні кешке Тамақ өнеркәсіп министрінің орынбасары болған М.Бутинге (бұрын министр болған, одаққа белгілі тұлға) апарып екі күн проферанс ойнаған ғой. Ол кісі де барынша меңгерген, одаққа белгілі ойыншы болған деседі. Сөздің қысқасы, Биекең ағамыз молырақ ұтқан ба, сонда Мажекең Бутин Рекеңе қарап: «Мына сарыбаланы қайдан таптың?» деп, Биекеңнің зеректігіне қатты риза болып, ұтылғаннан бөлек сый-сыяпатын жасаған деседі. Кейде өмір деген қызық қой, 7-8 айдан кейін сол кездегі облатқару комитетінің төрағасы Шәймерден Бакиров Бименде ағамызбен бірге Алматыға, сол М.Бутинге Қызылордадағы арақ зауытының мәселесімен барады ғой. Кабинетіне кіргенде ол бірден орнынан тұрып Биекеңді құшақтап, жағдай сұрасқан екен. Сонда Биекең төрағадан қысылған көрінеді. Жайғасып болған соң «Шәймерден інім, төрағаның басқа да жұмыстары жетеді ғой, мұндай жұмыстарға Бимендені жіберсең жетіп жатыр» депті.

Үкімет мүшесі, Қаржы министрі әрине жергілікті жер – облыстардағы қаржы саласы басшыларының беделді, абыройлы болғанына мүдделі. Мешкей деген жақсы ат па, облыстық партия комитеті, атқару комитетінен, Үкіметтен қаржы саласына сынпікірлер айтылып жатса, ол қаржы министрлігіне тиеді. Осы тұрғыдан Қызылорда облысында ондай теріс жайт болған емес, сонан да болар Қаржы министрлігі біздің облыстың көптеген дәйекті сұраныс-өтініштерін қабылдап, сыбағасын молынан бөліп тұрғаны да шындық. Бұл өз кезегінде облыстың біраз күрделі әлеуметтік мәселесін дер кезінде шешуге мүмкіндік берді. Менің білетінім, кейіннен болған қаржы министрлері А.Е.Бацула, Е.Ж.Дербисов, Т.Абдикадиров, А.С.Павлов Бименде ағайды қатты құрметтейтін.

Кейде облыстық атқару комитетінің, партия комитетінің жиындарында, кейбір сала басшылары тарапынан қаржы саласы қолдамайды, қаржы аз мөлшерде бөлінеді деген сын-пікірлер айтылып жататын. Сонда Камал Шөкенов, Бименде Баймаханов ағалардың дәйекті дәлелдері, керісінше олар бюджет қаржысын тиімді пайдаланбайды деген фактілерді алға тартқанда орынсыз сындар басылып қалатын. Жалпы Бименде ағай қай сала болмасын, оның қаржы жағдайын, тыныс-тіршілігін жетік білетін. Қызметтегі тазалық пен әділдік қай кезде де басшының абыройы мен беделін биіктететіні белгілі. Осы тұрғыдан құқық қорғау, я басқа тексеру жүйелерінен қаржы саласына ескертпе, сын-пікірлер айтылғаны есімде жоқ.

Бименде ағай мен Айқын анамыздың елге, әсіресе жастарға өнеге болатын тағы бір үлкен мұрасы – ғибратты ұрпақ тәрбиелегені. Ұлды ұяға, қызды қияға қондырды. Ата-ана жолымен, ұрпақтары әр салада еліне аянбай үлкен қызметтерін атқаруда. Қожахмет Мәдібайұлы екі дүркін Сенат депутаты, Қызылорда қаласы, Жалағаш ауданы әкімі болды. Ал Болат ініміз, Алланың берген дарыны, адал еңбектің, маңдай тердің тәубасы шығар, әлемге танымал хирург, академик болып қазақ елінің мақтанышына айналды. Бақыт та, Сәуле де аманесен, абыроймен жұмыстарын атқаруда. Тіл-көзден аман болсын, немере-шөберелер бүгінде үлкен мәуелі бәйтерекке айналып, өсіп-өніп жатыр.

Біздің отбасымыз үшін Айқын анамыздың орны ерекше еді. Кезінде жатсынбай, аналық мейірімін төгіп, ақыл-кеңесін, тәлімін, қамқорлығын көрсетті. Көп нәрсе үйрендік, тоқыдық, әсіресе ағайынмен сыйласу, құрметтеуді ұғындық. Биекең мен апайдың, Мәдібай әкемізді (Биекеңнің туған ағасы) ерекше сыйлап құрметтеуі бөлек дүние іспеттес. Жалағашқа жиі барып сәлем беріп тұратындары, қашан да ол кісінің алдында інілік, кішілік парызынан жаңылмауы көпке өнеге болып қалды.

Тоқсаныншы жылдардың басындағы тоқырауда көптеген өндіріс орындары тұралап, жаппай жұмыссыздық белең алды, тіршіліктің қамы үшін біраз жұрт базар жағалауды үдетті. Сол кездерде де Биекең қалың елімен бірге болып, келешекте жақсы болатынына үлкен сеніммен қарады. Адалдықтың ақ жолынан ешуақытта таймаған ағамыз, 1995 жылы менің басыма бұлт үйірілгенде Алматыға Қаржы министрі А.С.Павловқа барып, «бұл не отырыс жолдас министр, сенің Қызылордадағы кадрың Ысқақов облысқа құжатсыз келген екі вагон спиртті қазынаға өткіземін деп істі болып жатқанда сен кабинетте қалай тыныш отырасың?» деп қасқайып тұрып алыпты.

Бұрынғы кеңестік кезеңде де әділетсіздік ара-тұра болып тұрды, небір абыройлы азаматтар соның қармағына ілініп те жатты. Солардың бірқатарын Биекең табандылығы мен сауаттылығының арқасында арашалап, абыройларын сақтап қалды.

Халқының ыстық ықыласына бөленген ардақты жан мемлекет тарапынан түрлі марапат та иеленді. Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген экономист, «Құрмет» ордені сынды мемлекеттік марапаттар текті тұлғаның еліне қызметінің жарқын дәлелі болса керек.

Дайрабай ЫСҚАҚОВ,
еңбек ардагері

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Қызылорда қаласы №36 11 тамыз 2023 жыл

2022 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есепті бекіту туралы

2022 жылға арналған түзетілген облыстық бюджет кірістер бойынша 100,1 пайызға атқарылған (бекітілген бюджет бойынша жоспар 436 482 584,0 мың теңге, түзетілген бюджет бойынша 474 114 768,6 мың теңге жоспар 474 761 749,9 мың теңгеге орындалған), оның ішінде бюджеттің өз кірістері 101,6 пайызға (бекітілген бюджет бойынша жоспар 35 101 400,0 мың теңге, түзетілген бюджет бойынша 40 053 388,3 мың теңге жоспар 40 700 369,7 мың теңге) орындалып, 646 981,4 мың теңге артық түскен.

2022 жылдың қорытындысымен облыстық бюджет шығындар бойынша (бюджеттік кредиттер мен қаржылық активтерді сатып алуды қоса алғанда) 99,8%. Жете игерілмегені 1 206 898,5 мың теңге, оның ішінде бюджет қаражатының үнемделгені 312 735,7 мың теңгені құрады, субъективті себептермен игерілмегені 894 162,8 мың теңге.

Бюджет қаражатын субъективті себептермен игермегендер қатарында:

«Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 402 951,4 мың теңге, «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 282 882,7 мың теңге, «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі – 278 533,6 мың теңге, «Қызылорда облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі – 142 867,9 мың теңге, «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 45392,0 мың теңге, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 28 846,2 мың теңге, «Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 7977,2 мың теңге, «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 7537,9 мың теңге, «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 7442,3 мың теңге, «Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 1368,7 мың теңге.

Сонымен қатар, республикалық және облыстық бюджеттерден аудандар мен Қызылорда қаласына бөлінген нысаналы трансферттер бойынша 971 889,7 мың теңге игерілмеген.

Бюджет қаржысын игеруде 2 120 816,2 мың теңге дебиторлық және 495 816,2 мың теңге кредиторлық қарыз қалыптасқан.

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV кодексінің 130-бабының 3-тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. 2022 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есеп 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 474 114 768,6 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 34 291 455,5 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 5 697 516,8 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер – 64 416 мың теңге;
трансферттер түсімі– 434 061 380,3 мың теңге;
2) шығындар – 477 023 157,3 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 3 776 978,4 мың теңге, оның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 14 776 952,2 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 10 999 973,8 мың теңге;
4) қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо – 1 883 085,5 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 1 883 085,5 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – 8 568 452,6 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 8 568 452,6 мың теңге, оның ішінде:
қарыздар түсімі – 12 220 289,0 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 9 415 121,9 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 5 763 285,5 мың теңге.

2. Қызылорда облысы әкімінің облыстық бюджеттің атқарылуы және өңірдің салық-бюджет саясатының тиісті кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған негізгі бағыттарының іске асырылуы туралы баяндамасы;

Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 2021-2025 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму бағдарламасының нысаналы индикаторларына қол жеткізуі туралы баяндамасы;

Қызылорда облыстық мәслихатының экономика, әлеуметтік және құқықтық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы төрағасының облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есебі бойынша қорытынды баяндамасы қаперге алынсын.

3. Қызылорда облысының тексеру комиссиясының 2022 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау нәтижелері туралы есебі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Қызылорда облысының әкімдігіне:

1) қаржының игерілмеуіне жол берген бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне ағымдағы қаржы жылының көрсеткіштерін жақсарту бойынша тиісті шаралар қабылдау;

2) Облыстық басқармалар (бюджеттік бағдарламалар әкімшілері) басшыларына және аудандар және Қызылорда қаласының әкімдеріне бөлінген қаржыны, оның ішінде нысаналы трансферттерді игеруі және оларға мониторинг жүргізу жауапкершілігін жүктеу;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бюджеттік жоспарлаудың және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру мониторингінің нәтижелері бойынша ұсынылатын есептердің сапасын арттыру;

4) Қызылорда облысының даму бағдарламасын іске асыру және бюджеттің атқарылуы барысында кемшіліктерді болдырмау мақсатында тиісті шаралар қабылдау ұсынылсын.

5. Осы шешім қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы Н.Байқадамов

(Шешімнің қосымшаларын https://www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-kzo/documents/details/446790?lang=kk сайтынан оқи аласыздар)

КӘСІП ПЕН НӘСІП

МАҢДАЙЫ ТЕРЛЕМЕГЕННІҢ ҚАЗАНЫ ҚАЙНАМАЙДЫ

Жалағаш ауданында 3300-ден астам кәсіпкерлік субъект тіркелген. Салада жыл басынан бері 1 млрд 494,2 млн теңгені құрайтын 76 жоба қаржыландырылып, 110 адам жұмыспен қамтылған. Биыл мамыр айында ұзақ жылдар бойы тоқтап тұрған «БИС-Групп» ЖШС-ның қызыл мия тамырын өңдеу зауыты қайта іске қосылып, 31 адам жұмысқа тұрыпты. Ал жеке кәсіп ашып, өзін-өзін жұмыспен қамтығандар Жалағашта жетерлік.

Sb Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Аудан орталығында тұратын Жылбек Қуаныш шағын цех ашып, кәсібін дөңгелентіп отыр. Мемлекеттік бағдарламаларға өз жобасымен қатысып, қайтарымсыз қаржы ұтқан ол өз үйінен түрлі бұйым істеп, халық сұранысын қанағаттандырып келеді.

– Арнайы лазерлік күйдіру аппараты арқылы жұқа ағаштан түрлі формадағы бұйымдар істейміз. Ою-өрнек салу үшін компьютерлік дизайнды пайдаланамын. 2021 жылы осы жобамен қайтарымсыз грант ұттық. Қазір аудан халқының көбіне-көп сұранысы – кішкентай сандықшадағы тойтабақтар мен ағашқа ойып жазылған ата-тек шежіресі. Мысалы, бір күннің ішінде 400 данаға дейін тойтабақ сандықшасын істеуге болады. Кілтке тағатын брелок, балаларға арналған ағаш машиналар, майда тиын жинайтын қобдиша, тағы басқа керектілерді тапсырыспен істеп береміз, – дейді Жылбек.

Оның айтуынша, мектептегі сынып ішіне немесе пәнге қажетті көрнекіліктерге де тапсырыс түседі. Мысалы, Жылбектің арнайы кәсіп үшін алған лазерлік станогі арқылы ағаштан география пәніне арналған әлем немесе Қазақстан картасын ойып жасауға болады екен. Математика пәніне сызғыш түрлері, бастауыш не жоғары сыныптарға қажетті домбыра, бесік және облыстағы тарихи ескерткіштердің кіші формадағы үлгілерін де оның шағын цехынан табасыз.

Ал Жылбектің анасы Майрамгүл Раманқұлова көне мақтаны қайта түтіп, көрпе көктейді. Мемлекеттік грант ұтып, кейіннен «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы арқылы несие алып, қажетті құралдарын, тігін машиналарын түгелдеген. Қыз жасауына қажеттісінен бөлек, қонаққа төсейтін көрпеше түрлерін, құс жастықтар дайындайды. Жалпы бұл отбасы «маңдайы терлемегеннің қазаны қайнамайды» дейтін ұстанымда. Бұның барлығы «өз кәсібімді ашып, өзгеге масыл болмайын» деген ниеттен туған.

Жалағаш ауданы

ЕРТЕҢ – СПОРТ КҮНІ

«ҚАЙСАРҒА» – 55 ЖЫЛ

Биыл жергілікті «Қайсар» футбол командасының құрылғанына 55 жыл толады. Жарты ғасырдан астам уақыт ішінде жергілікті команда жанкүйерлерін қуантып келеді. Команда құрамында қаншама ойыншы жасыл алаңға шықты, бапкерлік тізгінді тәжірибелі мамандар ұстады.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

1968 жылы қазіргі Ғ.Мұратбаев атындағы орталық стадион пайдалануға берілген еді. Онда жергілікті клуб тұңғыш ресми кездесу өткізді. Төл командасында жиырма жылдан астам уақыт бойы табан аудармастан тер төккен футболшы, марқұм Әбіл Қалымбетов көзінің тірісінде бұл жайында қысқаша айтып берген болатын.

– Сол уақытта қызылордалық өрендер футболға ерекше қызығушылық танытты, – деген еді Әбіл ағамыз бізбен әңгімесінде. – Қызылорда топырағында тұңғыш рет кәсіби клуб құрылған кезде мен жиырма жасқа жақындап қалған едім. Оған Петр Боголюбов, Виктор Шишин, Юрий Дедиков сынды білікті мамандар бапкерлік жасады. Команда атауы алғашқы жылда үш мәрте өзгерді. Әуелгіде «Қызылорда» атанған ұжым мамыр мен шілде аралығында «Волна» деген атаумен ел біріншілігінде облыс намысын қорғады. Сол жылдың шілдесі мен 1973 жылдың соңына дейін «Автомобилист» клубы ретінде бәсеке көрігін қыздырды. Біздің ұжым 1974-1978 жылдарда «Орбита», 1979-1989 жылдарда «Мелиоратор» атанды. Бас-аяғы жиырма жылға жуық уақыт ішінде команда атауының бірнеше мәрте өзгеруіне оған қаржылай көмек көрсеткен мекеменің ауысуы себеп болған.

Еліміз бостандық байрағын бекем ұстаған тоқсаныншы жылдардан бері «Қайсар» жергілікті жанкүйердің сүйікті клубына айналып отыр. 1968 жылы командамыз сәтсіз ойын көрсетті. Себебі командаға тәжірибесі аз жастар көптеп тартылған еді. Футболшылардың орташа жасы жиырманы құрайтын. Соның салдарынан жерлестеріміз 40 ойыннан кейін небәрі 13 ұпай жинады. 1970 жылы жергілікті клубқа бас бапкер қызметіне белгілі спортшы Тимур Сегізбаев келді. Жерлестеріміз барлығы 16 команданың арасында алтыншы орынға тұрақтады.

«Орбита» 1972-1976 жылдар аралығында алғашқы ондықтан көрінсе, одан кейін он жылдай соңғы орындарда жүрді. 1987 жылы өз тарихында тұңғыш рет төртінші орынға көтерілді. Команданы мұндай жетістікке белгілі маман Юрий Хакимов жетеледі. 1988 жылы «Мелиоратор» КСРО кубогының 1/64 финалдық кезеңінде өз алаңында Тюменьнің «Геолог» клубын қабылдап, олардың қақпасына жауапсыз бір доп соқты. Соның нәтижесінде жарыстың келесі сатысына шығып, сырт алаңда ойнағанына қарамастан Ферғананың «Нефтяник» клубын орта жолда қалдырды. Бұл кездесудің негізгі кезеңінде қос қарсылас бір-бірінің қақпасынан саңылау таба алған жоқ. Жеңімпаз ойын соңынан кейінгі пенальти тебуден анықталды. Кубок ойындарының келесі кезеңі екі ойыннан тұрды. Бізге Украинаның Харьков қаласының «Металлист» клубы қарсылас болды. Украиналық ұжым сол кезеңде КСРО-ның жоғары лигасында ойын көрсететін. Харьковтегі ойынның бірінші кезеңінде қақпа құлпы ашылған жоқ. Келесі кезеңде алаң иелері екі доп соқса, қонақтар оған бір доппен жауап қайырды. Одақтың белгілі футбол мамандары «Мелиоратордың» жігерлі ойынын жоғары бағалап, олардан үлкен үміт күтті. Өйткені, біздің команда келесі кездесуде 1:0 есебімен жеңіске жетсе, жарысты жалғастыру мүмкіндігі бар еді. Өкінішке қарай, барлығы керісінше өрбіді. Қарымта ойында харьковтік футболшылар бір доп соғып кетті.

1991 жылы тағы да жерлестеріміз одақтың екінші төменгі лигасында төртінші орын алды. 1992 жылы Қазақстан алғаш рет өзінің төл біріншілігін өткізді. Жоғары лиганың финалдық кезеңінде барлығы 14 команда жүлдені сарапқа салды. Олардың қатарында сол жылдан бастап «Қайсар» атауын иеленген біздің команда да болды.

Команда 1998 жылы жоғары табысқа кенелді. Ел біріншілігінде төртінші орынға табан тіресе, сол жылы Қазақстан кубогінің финалдық кезеңіне шықты. Дегенмен, аталған кездесуде Павлодардың «Ертісіне» 1:2 есебімен есе жіберіп қойды. Есесіне 1999 жылы жерлестеріміз осы кубокты төбесіне көтерді. Соның нәтижесінде 1998, 1999 жылдарда Азияның кубок иелері кубогында сынға түсті. Одан кейін команда мұндай жетістікке 2019 жылы қол жеткізіп, Еуропа лигасында сынға түсуге мүмкіндік алды.

Шахан болыс

Қазыналы қарт Қаратаудың Ақүйік, Ынтымақ өзендері бастау алатын шыңдарының етегін ала көсілген саздарында Қоңыраттың «Алты ата» аталып кеткен руларының ішіндегі Алтый мен Қырғызәлі аталары ежелден қоныс тепкен. Осы Ынтымақ өзенінің бойындағы Мұңсызбай бұлағында кеңес үкіметі құрылғанша болыс болып Түркістан өңіріне, қала берді бүкіл Орта жүзге сөзін өткізе алған игі жақсылардың бірі Көбелдесұлы Шахан атты елге сыйлы кісі болған.

Менің көп жыл қызметтесім, ұстазым болған Шахан болыстың туған ағасы Көбелдесұлы Бибасардың немересі Сапарбаев Сәдірбай аға былайша әңгімелейтін:

– «Болыс сайлауы ешқашан талас-тартыссыз, сайлау тізгінін ұстаған оязға адам салып, пара берілмей өтпеген. Осы шаралардың барлығы жасалғанымен, сәл ғана себеппен соңғы сәтте қарсылас жақ жол тауып кететін жағдайлар да кездесіп қалады екен. Шахан атаны көптеп-көмектеп болыстыққа ұсынған соң, осындай жол кесер кездейсоқтықты болдырмаудың жайын қарастырған Көбелдестің төрт баласы Атығай, Майбасар, Бибасар мен Шахан болыстық тізгінін қолға алудың жолын оңаша ақылдасады.

Ертеректе кеңес үкіметі орнамай тұрған кезде Асан болысқа исі қазақтың үш жүзінің басын қосып арнайы ас берілгені белгілі. Осы жиында «Үш жүздің игі жақсыларының басын қосатын мұндай дәрежедегі келесі асты енді кім бере алады?» деген сауал қойылғанда «Келесі асты бір берсе, Шахан байдың әулеті беруі мүмкін» деген пікір айтылыпты. Бұл әңгіме жайдан-жай айтылмаған болуы керек, себебі ас беру оңай шаруа емес.. Талап жасаған адамның байлығы жеткенмен атағы мен абырой-беделі сай болмауы мүмкін. «Шахан әкем сол кезде байлығымен қатар шалымды іскерлігімен ағайын арасындағы дау-дамайды тапқырлықпен шеше алатын алғырлық қабілетін көрсетіп, ел аузына ілігіп қалған кезі екен. Аузы дуалы ақсақалдар болыстыққа лайықты азамат деп есепке алып қойған сыңайлы. Алайда арада он шақты жыл өтпей-ақ, ол болыстыққа сайланғаннан кейін заман аламан-тасыр болып, патшалық билік құлап, кеңес өкіметі орнайды. Ас бермек тұрмақ, өзі құғынға ұшырап, көрші республикаға жер ауа көшіп жан сақтадық. Тағдырдың тәлкегімен туған жерінен тыста, 1933 жылы 93 жасында Жиделі-Байсында көз жұмды. Аласапыран заманда көші-қонмен жүріп Шахан атамның өзіне де ас беруге шамамыз келмеді» деген Шаханұлы Ілияс атам. Болысқа 1991 жылы Қазақстанның басты қалаларынан, көрші Өзбекстан, Қырғызстаннан қонақтар шақырып, Қызылорда облысы көлеміндегі елді жинап ат шаптырып, бәйге өткізіп үлкен ас берілді.

Осы орайда атамыздың ақыл-парасатымен қатар, алдағыны болжай алатын көріпкелдік қасиеті жайлы елдің есінде қалған бірер хикаятты айтудың реті келген секілді. Туыс болып келетін Жүсіп деген ағайынының екі ұлы мал табуға ниет етіп, өзеннің суын пайдалануға қолайлы жеріне егін егеді. Бірде жолы түсіп Шахан болыс нөкерлерімен сол жерден өтіп бара жатады. Егін егіп жүрген жігіттер болысты танып, алдынан шығып сәлем беріп, шәй ішіп кетуін сұрайды. Екі жігіттің құр қара шәй болса да, дәм татуға шақырған ниетіне риза болған ол жігіттерге алғыс білдіріп, батасын беріп тұрып, «Сыбағамды күзде келіп жеймін, сонда қоңыр қозыны сойып берерсің» дейді. Тігерге тұяғы жоқ жігіттер «Атамыз қоңыр қозы туралы әзілдеп айтқан шығар» деп қала береді. Шахан болыстың батасының септігі тиген жігіттердің еңбегі жанып, егіні бітік болады. Еккен тарысы мен қауын-қарбызын жайлаудағы малының басы бар туыстарына таратқан жігіттер ағайындарының берген қозы-лақтарын жинап, күзге қарай едәуір малдың басын құрап алады. Еңбектері жанып, төккен терінің өтеуі қайтып, көңілдері жайланады. Адал еңбекпен тапқан малын бағып отырған жігіттердің қосына бір күні жолдастарымен Шахан болыс келе қалады. «Қоңыр қозымды әкеліп сой» дегенді айта келеді. Көктемде берген батасын ұмытып кеткен жігіттер аң-таң болады. Бұрын мән беріп түстемеген де екен, жиналған малдың ішінде тығындай болып семірген қоңыр қозының жүргенін көріп, екі жігіт те, жолдастары да атаның көріпкелдігіне таңғалады. Қоңыр қозыны ұстап әкелген екі жігіт болыстан бата сұрап, қозыны сойып беріпті. Осы оқиғадан кейін екі жігіттің ісі оңға басып, көп ұзамай дәулетті кісілердің қатарына қосылыпты.

Шахан ата тарыққан ағайынға өзінің малынан сауып ішуге сиыр, мініске деп жылқы, үнемге деп уақ мал бөліп беріп, ағайынды қиындықтан құтқарып отыратынын, көмек сұраған адамның көңілін ешуақытта қалдырмайтынын көнекөз қариялар айтып отыратын. Малын пайдаланған ағайындары есін жиған соң, өздері біліп қайтармаса, бергенін қайтып сұрамайды да екен.

Жаңақорған өңіріндегі мал ұстаған қазақтың осы кезге дейін жалғасын тауып келе жатқан жыл мезгілдеріне сәйкес көшіп-қону үрдісі бар. Жаз айларында Қаратаудың шөбі шүйгін, малға жайлы саздарын, суы кәусар бұлақтардың басын жайлау етсе, күзге қарай тау етегіндегі күзеуге түсіп, малды ұрықтандыру ісімен айналысады. Қараша айының соңын ала Сыр бойындағы қыстауларға көшкен малға тоғай ішіндегі қалың бұта қыстың алай-дүлей суырсынында әрі ықтасын, әрі талғажау болады. Ерте көктемдегі мал төлдеу науқанын өткізетін, көктеуге көшкенше малдың қоңын сақтайтын да – осы Сыр бойының құнарлы шөбі мен дәні жем болатын жантағы. Осы дәстүрлі көш-қон кезінде Шахан атамыз асқан есепшілдік көрсетіп, әсіресе көктемде малды мұзды бұзатын қызыл су жүрердің алдында ғана Сырдариядан өткізуді әдетке айналдырыпты. Мұның мәнісі тоғайдың қалың шөбіне малды соңғы сағаттарға дейін тойындыру болса керек. Өйткені, ерте көктемде тау бөктерінде шөп жетіле қоймайтыны белгілі. Бір жылы осындай есеппен малын Сырдариядан мұз арқылы өткізіп жатқан Шахан байдың көшіне дарияның арғы бетінде тұратын бір ағайын кездесіп қалады. Мұздан малдың соңы өтіп жатқанын байқаған атамыз әлгі кісі де атымен дариядан өтпек болады. Мұны дарияның қарсы бетінде тұрып байқаған атамыз әлгі атты кісіге «Суға кетесің мұзға түспе, қазір қызыл су жүреді» деп дауыстайды. Әлгі кісі ескертуді құлағына ілмей, не қылар дейсің деген болуы керек, атымен мұзға түсіп кетеді. Сол кезде есебі дәл келіп, айтқанындай қызыл су жүріп, мұздың беті шарт-шұрт жарылып, сызат түсе бастайды. Мал тегіс өтіп болысымен, қас-қағым сәтте мұз бұзылып, дарияның шетіне жақындап қалған әлгі кісі атымен бірге ыдыраған мұздан сырғанап суға қарық болады. Шахан атаның айқайымен арқан тастаған жігіттерінің шалымдылығының арқасында әлгі кісі аман қалғанымен аты суға кетеді.

Ол кісі жөнінде ел жадында қалған осы секілді тәлім аларлық естеліктер баршылық.

Болыс өзінің қайтыс болатын күні мен сағатын көзімен көргендей дәл болжап, жаназасын кім шығаратынына дейін айтып кетіпті. Жоғарыда айтқанымыздай, 1933 жылы қайтыс болардың алдында елде жағдай түзелді деген хабарды естіп, көштің басын елге қарай бұрып, өзімен бірге жүрген ағайындарды бастап көшіп келе жатады. Атығайдың ұлы Есенбек қасиетті Меккеге қажылық сапарға барып, Есенбек әжі атанған кісі екен. Олар Шаханнан елге көшеміз деген хабар барғанда үй-ішімен Самарқан қаласы жағында болыпты. Көш Жиделі-Байсын деген жерге келгенде көш басшысы Махамбет ұлын қасына шақырған Шахан өзінің ертеңіне түс қайта жарық дүниемен қоштасатынын айтып көшті тоқтатып, жүкті жығып үйлерді тігуді тапсырады. Бұған онша сене қоймаса да, қарт әкесіне қарсы келуді жөн көрмеген Махамбет жақын маңдағы ауылдан молда шақыртуға рұқсат сұрайды. Сонда «Ештеңеге алаң болма, бөтен молданың қажеті жоқ, менің жаназамды Есенбек әжінің өзі шығарады» дейді. Әкесінің бұл әңгімесіне күмәнмен қарайды, себебі Махаңның есебі бойынша Есенбек әжі бұл тұстан кемінде үш күншілік жерде. Алайда, барлығы да болжағандай болып, ертеңіне сәскеден бастап Шахан ата бірнеше рет, «Есенбек әжі көрінбей ме?» деп сұрап жатыпты. Өзі айтқанындай күткен адамы түс кезінде сәлем беріп, кіріп келіпті. Дер кезінде келген Есенбек әжі Шахан атаның жаназасын шығарып, өз қолымен арулап қойған екен. «Көріпкелдігі болмаса өзінің қайтыс болатын күні мен сағатын, үш күншілік жерде жүрген Есенбек әжінің келетінін қайдан біледі, ол кісі тегін адам емес, әулие адам болған» дегенді Махамбет әкем бұл дүниеден өткенше айтып кетті деп отыратын Керімбек.

Шахан ата туралы ел аузында жүрген осы секілді әңгімелерді бір жүйеге түсіріп, зерделеу ұрпағының алдағы уақытта атқарар игілікті істерінің бірі болуға тиісті.

Ұрпақтары да атасының абыройына дақ түсірмей, еліміздің өсіп-өркендеуі үшін өз үлесін қосып келеді. Қазіргі үлкендердің бірі Шаханұлы Ілиястың Әйпенінің жұбайы Аманкүл апа Ұзынатада Шахан атаға ескерткіш белгі қоюды қолға алды.

Болыстың Ынтымақ өңіріндегі дүйім жұртты қамқорлығына алып, жетімін жылатпай, жесірін қаңғыртпаған адамгершілігі мол болғанын Жаңақорған ауданы елді мекендерінде тұратын жасы үлкен кісілер аңыз етіп айтып отырады.

Сондықтан ел арасынан шыққан, халық құрметіне бөленген Шахан Көбелдесұлына ескерткіш белгі қою – құптарлық іс.

Ахмет ЕСІРКЕПОВ,
ардагер-ұстаз

Құттықтау

Бүгін асқар тау әке, ардақты аға, халықшыл азамат Абдулай Тажмаханұлы 70 жасқа толып отыр.

Халық ұйғарған істен кешігіп көрмеген, арғы-бергі тарихтан шешіліп сөйлеген, адалдығымен, қарапайымдылығымен айналасына үлгі бола білген әкеміз Абдулай Тажмаханұлы 1953 жылы 19 тамызда Қармақшы ауданында дүниеге келген. Орта мектепті тәмамдаған соң қатарластары секілді еңбек жолын туған ауылы «Жаңақала» совхозында жұмысшы болып бастаған.

Өзінің өнегелі өмір соқпағында сыйластық пен достықтың ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық дәстүрлерді үкілеп келе жатқан әкеміз туралы рухтас інісі, аймақ дамуына зор үлес қосқан Рзақұл Нұртаев «Қармақшы өңірінде өз мамандығына сай қызмет етіп, қарапайым өмір кешкен жандардың ішінде ел арасында беделі биік тұлғалар, өнер мен шығармашылық адамдары кездесіп отырады. Саф алтынды тану қиын емес шығар, бірақ сол қымбат қазынаға бергісіз «алтын адамдарды» тану оңай емес. Бір салада жұмыс жасамағанмен, ағамызбен ауданда қатар қызмет еттік. Бұл кісі қалтқысыз қарапайымдылығының өзінен ақыл-парасаты мен адамгершілік қасиеті көрінетін, бойында табиғат берген рухани байлығы бар адам» деп бағалаған еді.

Бауырларына қамқор, ұлқызының санасына адам болу мен адал болуды сіңіріп, Құдай қосқан қосағы анамыз Вера Дайрабайқызымен үлгілі ғұмыр кешіп, немеренің қызығын көрген, жетпістің желкенін керген әкемізге зор денсаулық тілей отырып, шөбере мен шөпшектің қолынан бал жалауды жазсын демекпіз.

Ізгі ниетпен, барша
бауырлары және балалары

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІ КОМИТЕТІНІҢ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІ АУМАҚТЫҚ ИНСПЕКЦИЯСЫ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ 3-ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Қабылдау уақыты	Орналасқан жері	Байланыс телефондары
1	Нұрмағамбетов Марат Жалпақбайұлы	Инспекция басшысы	Жұма сағат 11.00-13.00	Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы 27/3	23-19-61
2	Абдразахов Исатай Өмірзақұлы	Инспекция басшысының орынбасары Әдеп жөніндегі уәкіл	Бейсенбі, сағат 10.00-12.00 Әдеп жөніндегі мәселелер бойынша күнделікті 9.00-17.00	Қызылорда қаласы Н.Назарбаев, даңғылы 27/3	23-19-61

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V «Мемлекеттік қызмет туралы», 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында «Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» РММ-де 23-19-61 сенім телефоны жұмыс жасайды.

Жарнама. Жарнама. Жарнама
«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Жеке кәсіпкер Досқайыр Жансауле Ғаниқызының (ЖСН 980618401027) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы | Тапсырыс №22569 | Кезекші редактор **Аружан ЕРАЛЫ**